

#КүшімізБірлікте

Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МӘСЛИХАТ



МЕГАПОЛИСТЕГІ МАҢЫЗДЫ ШАРАЛАР

6

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ӘДІЛЕТ САЛТАНАТ ҚҰРЫП КЕЛЕДІ

7

ТАҒЫМ



АНАТОЛИЙ БУКРЕЕВ

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

19.01.2023

Түнде:



-15-17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

20.01.2023

Түнде:



-14-16 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-4-6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №7 (6300) 19 қаңтар, бейсенбі, 2023 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы БАӘ Президентімен келіссөз жүргізді



Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапармен барған мәртебелі мейманды «Әл-Уатан» сарайында салтанатты қарсы алу рәсімі өткеннен кейін екі ел басшылары – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті, шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

– Әмірліктер – ислам және араб әлеміндегі біздің сенімді әрі басты стратегиялық серіктесіміз. Сіздің еліңіз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстанға қолдау көрсетіп келеді. Қазақ халқы мұны ешқашан ұмытпайды. Әсіресе, елордамызды көркейтуге Араб Әмірліктері зор үлес қосты. Бұл – шынайы достықтың айқын көрінісі, – деді Мемлекет басшысы.

2

ӘКІМ

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Шаһар басшысы білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы құрылысы ұзаққа созылған нысандармен танысты



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев мердігерлік ұйымдардың сапасыз жұмысына байланысты білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы құрылысы ұзаққа созылған, тапсыру мерзімі бірнеше рет өзгерген нысандарды аралады.

4

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай әмірлігінің билеушісі, шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактуммен кездесті.
- Сенатта майнерлер қызметі туралы заң талқыланды.
- «Масс-медиа туралы» заң жобасының тұжырымдамасы әзірленіп, ашық НҚА сайтына 27 қаңтарға дейін жария талқылауға шығарылды.
- Қазақстанда мемлекеттік меншікке қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерінің интерактивті картасы іске қосылды.
- Елімізде әкімдердің жұмыс мерзімі шектелуі мүмкін.
- Биыл жеке кәсіпкерлердің медициналық сақтандыру жарнасы көбейеді.
- Қазақстан мен Өзбекстан сотталған азаматтарды экстрадициялайды.
- 2023 жылы ауыл халқының 96%-ы сумен қамтамасыз етіледі.
- Биыл елімізде 16,3 мың тұрақты жұмыс орны ашылады.
- Қазақстанда жаңа партия тіркелді.
- «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 3,5 мың ауыл толық жаңғыртылады.
- «Болашақ» бағдарламасымен тағылымдамадан өтетін қызметкерлердің санаттары бекітілді.
- Жер шарының ең қарт тұрғыны Люсиль Рандон (Франция) 118 жасында қайтыс болды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары аясында Мемлекет басшысы БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай әмірлігінің билеушісі, шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактуммен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық көрсеткені үшін шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактумға алғыс айтып, Біріккен Араб Әмірліктеріне жасаған ресми сапары аясында нәтижелі келіссөздер жүргізілгенін және екі ел арасында маңызды екіжақты келісімдерге қол жеткізілгенін атап өтті.

Өңгімелесу барысында Президент «Астана» халықаралық қаржы орталығы Әмірліктердің басты қаржы институттарымен қарым-қатынас орнатқанына тоқталып, екі елдің іскер топтары арасындағы байланысты жандандыру мәселесіне назар аударды.

Өз кезегінде шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін жеткізді. Кездесу соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай әмірлігінің билеушісін Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды. Шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум Президенттің шақыруын қабыл алып, Қазақстанға сапармен бару зор мәртебе екенін айтты.

■ СЕНАТ

Қаржы және бюджет комитетінің депутаттары майнинг пулдарының қызметіне және цифрлық майнерлердің қызметін лицензиялау мәселелеріне қатысты заңды талқылады.

Құжаттың мақсаты – Қазақстанда цифрлық активтер мен цифрлық майнингті шығару және айналымы жөніндегі қызметті дамыту үшін құқықтық база құру болып табылады.

Сенаторлардың айтуынша, «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» заң цифрлық активтердің қызметін лицензиялауды көздейді және майнинг пулдарының жұмысына ықпал ететін болады. Заңда салық салу мақсатында цифрлық майнерлер мен пулдардың кірістері туралы мәліметтерді ұсынуға қатысты ережелер де жазылған.

Заңдағы маңызды жаңалықтардың бірі – майнерлер цифрлық биржалардың қызметін белгілі түрде регламенттейтін болады, ал мемлекет өз кезегінде осы саланы бақылауға ала алады. Депутаттар заң цифрлық активтердің заңды нарығын қалыптастыруға, тұтастай алғанда ел экономикасының дамуына үлес қосатын шетелдік инвестицияны тартуға, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайтуға мүмкіндік береді деп санайды.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту арқасында ауылдағы өмір сүру сапасын жақсарту бойынша «Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыру барысы қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров республикада 6293 ауылдық елдімекен бар екенін, онда 7,8 млн адам тұратынын баяндады. Олардың қатарынан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауыл іріктелді (барлық ауыл тұрғындарының 90%-ы). Оларды жаңғырту «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында басым тәртіппен жүзеге асырылады. Биыл 736 ауылда 143 млрд теңгеге тағы 1,5 мың жобаны іске асыру жоспарланған: 119 жоба ТКШ саласында, 275 жоба әлеуметтік инфрақұрылым бөлігінде, сондай-ақ 1,1 мың жоба ауыл ішіндегі жолдардың жағдайын жақсарту бойынша іске асырылмақ.

Премьер-Министр 2027 жылға қарай әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылдың бәрін Өңірлік стандарттар жүйесіне сай дамыту жоспарланып отырғанын атап өтті. «Оған сәйкес ауылдарда сапалы жолдар мен мәдениет, спорт және денсаулық сақтау объектілері, мектептер міндетті түрде болуы тиіс, сондай-ақ ауыл инфрақұрылымын дамытуға баса мән беріледі. Біздің басты мақсатымыз – ауылдағы өмір сапасын жақсарту. Қазірдің өзінде нақты нәтижелер бар», – деді Әлихан Смайылов.

■ МИНИСТР

Үкімет отырысында жайылымдық жерлердің қолжетімділігі Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар аса маңызды мәселе екендігі айтылды. Жайылымдық жерлермен қамтамасыз етілінінше, мал шаруашылығын толыққанды дамыту мүмкін емес. Бұл – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар аса маңызды мәселе.

Осыған байланысты заңсыз берілген, бос жатқан жерлерді қайтарып алу жөніндегі арнайы Комиссия бытырғы сәуір айынан бері жұмыс істеп келеді. Нәтижесінде өткен жылы мемлекет пайдасына 5,2 млн гектар жер қайтарып алынды. Оның ішінде 4,8 млн гектары – жайылымдық жерлер.

Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің хабарлауынша, бүгінгі таңда жайылымдық жерлер 183,4 млн гектарды құрайды, оның ішінде 82,4 млн га – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, 63,9 млн га босалқы жерлер; 21,2 млн га елдімекендерге іргелес жерлер; 15,9 млн га басқа санаттағы жерлер (орман қоры, ерекше қорғалатын табиғат аумағы, өнеркәсіп жерлері).

Үкімет отырысында айтылғандай, «биыл тағы 5 млн гектар жерді қайтарып алу жоспарлануда. Бұл орайда, елдімекендердің маңында орналасқан ауыл шаруашылығы құрылымдарының жерлерін қайтарып алу маңызды. Оларды қоғамдық пайдалануға немесе жеке қосалқы шаруашылық кооперативтеріне беру қажет. Қолданыстағы заң бұған мүмкіндік береді».

■ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Мемлекет басшысы БАӘ Президентімен келіссөз жүргізді



(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Қазақстан мен БАӘ арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 30 жыл толғанын еске салды. Сонымен бірге, осы кезеңде түрлі саладағы ынтымақтастық нығая түскенін, екі ел арасында мазмұнды әрі ашық саяси диалог орнағанын атап өтті.

– Екі елдің қарым-қатынасында түрлі салада жетістіктер аз емес. Дегенмен, екі мемлекет арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретін кез келді. Осы сәтті пайдаланып, Сізге зор алғысымды білдіремін, – деді Президент.

Өз кезегінде Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті, шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян 1992 жылы дипломатиялық қарым-қатынас орнатылғаннан бері екі елдің ынтымақтастығы жоғары деңгейге көтерілгеніне тоқталып, Қазақстанмен саяси және экономикалық байланыстар аясын кеңейтуге ниетті екенін жеткізді.

– Елдеріміздің энергетика, ғарыш, технология, сауда салаларындағы ынтымақтастық әлеуеті жоғары деп санаймыз. Осы сапар барысында жаңартылатын энергия саласында маңызды құжаттарға қол қойылды. Келісілген жобалардың толыққанды жүзеге асатынына зор үміт арттамын. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан мен БАӘ үкіметтері қабылдаған Стратегиялық инвестициялық жобалар жасау туралы бірлескен декларация екіжақты серіктестікті нығайтуға тың серпін береді.

Президент инвестициялық іс-әрекеттің басымдығына назар аударып, қабылданған Декларация аясында шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаян

Келіссөз барысында Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктерінің арасында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамытудың басым бағыттары талқыланды. Атап айтқанда, тараптар жаңартылатын энергетика, азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығы, тау-кен, көлік-логистика, құрылыс-девелопмент және халықаралық қаржы орталықтары арасындағы ынтымақтастық сынды перспективалы салалар бойынша екіжақты ынтымақтастықты нығайту жөнінде уағдаласты.

Екіжақты ынтымақтастықтың басқа да басым бағыттары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті, шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның Бірлескен мәлімдемесінде жарияланды. Ресми сапар аясында тараптар үшін маңызды бірқатар құжаттарға қол қойылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары аясында Абу-Даби әмірлігінің билік басындағы әулетінің аға өкілі, БАӘ-нің ірі кәсіпкерлерінің бірі, «First Abu Dhabi Bank» акционері Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаянмен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан мен БАӘ үкіметтері қабылдаған Стратегиялық инвестициялық жобалар жасау туралы бірлескен декларация екіжақты серіктестікті нығайтуға тың серпін береді.

Президент инвестициялық іс-әрекеттің басымдығына назар аударып, қабылданған Декларация аясында шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахаян

ның компаниялар тобын бірқатар жобаны жүзеге асыруға шақырды.

Өз кезегінде Абу-Даби әмірлігінің билік басындағы әулетінің аға өкілі Қазақстандағы жобаларға инвестиция құю жөніндегі жоспарын айтты.

Abu Dhabi Ports Group компаниясының бас директоры Мұхаммед әл-Шамисимен кездесу барысында көлік және логистика саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру перспективалары талқыланды.

Президент Abu Dhabi Ports Group компаниясының Каспий теңізіндегі теңіз және порт инфрақұрылымын дамытып, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясымен стратегиялық серіктестік орнату жөнінде келісімге қол қою жоспарын құптады.

Ал Masdar компаниясының бас атқарушы директоры Мұхаммед Әл-Рамахимен кездесу барысында энергетика саласындағы бірлескен жобаны жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан 2060 жылға дейін көмірсутегі бейтараптығына қол жеткізуді, сондай-ақ 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 4 пайыздан 15 пайызға дейін арттыруды көздеп отырғанын айтты.

Сонымен қатар, Президент Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен KIDF қоры және Masdar компаниясы арасында қол қойылған ынтымақтастық туралы меморандум толыққанды жүзеге асырылатынына сенім білдірді. Осы құжатқа сәйкес, Түркістан және Жамбыл облыстарында қуаттылығы 1 ГВт жел электр станциясын салу жөніндегі бірлескен жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Өз кезегінде Мұхаммед Әл-Рамахи кездескені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, еліміздің жасыл энергетиканы дамыту саласындағы әлеуеті зор екенін атап өтті. Сондай-ақ, оның компаниясы бұл бағыттағы ірі жобаларды бірлесе жүзеге асыруға мүдделі екенін жеткізді.

Ресми сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Премьер-министрінің орынбасары, шейх Мансұр бен Заид Әл Нахаянмен де кездесті.

Кездесу барысында Мемлекет басшысының БАӘ Президенті, шейх Мұхаммед бен Заид әл Нахаянмен келіссөзінде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мәселелері талқыланды. Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңызды екенін атап өтілді. Сондай-ақ, экономиканың түрлі саласындағы бірлескен бастамалар мен жобаларды жүзеге асыру жұмысын жандандыру қажет екеніне назар аударылды.

■ САММИТ

ТАЗА ӘРІ «ЖАСЫЛ» ӘЛЕМ
жолындағы орнықты даму – баршаға ортақ міндет

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде жаһандық маңызы бар өзекті тақырыптар талқыланатын ауқымды халықаралық шараны ұйымдастырғаны үшін жоғары мәртебелі шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға алғыс айтты. Президент анағұрлым таза әрі «жасыл» әлем жолындағы орнықты даму баршаға ортақ міндет екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Абу-Даби тұрақты даму апталығы» саммитінде сөз сөйледі

Президент дүниежүзілік азық-түлік, энергетика, қала және экология жүйелеріне қатер төндіретін басты қауіпті қадап айтты.

ТҮШСІ СУ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАУІП ЗОР
– Өкінішке қарай, геосаяси тұрақсыздықтың шиеленісуі және энергетикалық қауіпсіздіктің сақталмауы кли-

маттың өзгеруіне қатысты мәселені елеусіз қалдырды. Жаһандық орташа ауа температурасы көтерілген сайын әлемдегі құнарлы азықтың 66 пайызын қамтамасыз ететін негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымы едәуір азаюы ықтимал. Сондай-ақ, тұщы су тапшылығына душар болу қаупі зор. БҰҰ баяндамасына сәйкес, 2050 жылға қарай климаттың өзгеруі салдарынан 5 мил-

лиардтан астам адам ауызсуға зәру болуы мүмкін. Бұл дүниежүзілік азық-түлік, энергетика, қала және экология жүйелеріне қатер төндіреді. Мұның бәрі тек саяси шешімдерді ғана емес, басқа да жедел әрі тиімді шаралар қабылдауды талап етеді. Планетамызды сақтау үшін бұрын-соңды болмаған мөлшерде қаржылай инвестиция құю керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, климаттың өзгеруіне қарсы күрес тек даму немесе жаңғырту шараларымен ғана шектелмей, өзара тығыз байланыста қатар жүруге тиіс. «Халықаралық қоғамдастық климаттың өзгеруіне қарсы күрес шараларын қаржыландыру мәселесіне қатысты міндеттемелерін арттыра түседі деп сенеміз. Бүгінгі жиынның маңыздылығы да – осы. Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің ұзақмерзімді міндеттемелерін айқындады. Іс жүзінде еліміз Париж келісімін алғашқылардың бірі бо-



РЕСМИ САПАР

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан мен БАӘ арасындағы тауар айналымын 1 миллиард долларға дейін жеткізуге шешім қабылданды

Президент өз сөзінде Қазақстан – БАӘ инвестициялық дөңгелек үстелінің қатысушыларына ілтипат білдіріп, жиынды ұйымдастырғаны үшін Өмірліктердің Сауда-өнеркәсіп палаталары федерациясына алғыс айтты. Сондай-ақ, Өмірліктермен арадағы қарқынды ынтымақтастыққа жоғары баға берді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ ПЕН ІСКЕРЛІК МҮДДЕЛЕР

– Қазақстан мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы серіктестік екі негізден тұрады: бірі, орасан зор экономикалық әлеует пен іскерлік мүдделер, екіншісі, өзара құрмет пен ортақ құндылықтар. Елдеріміз арасында орнаған қатынастар 30 жылдан бері жоғары деңгейде жалғасып келеді. БАӘ – біздің негізгі аймақтық сауда-экономикалық серіктесіміз. Бұл кездейсоқ емес. БАӘ Қазақстанға шамамен 3 миллиард доллар инвестиция құйды, ал Қазақстан БАӘ-ге миллиард доллардан астам инвестиция салды. 2022 жылдың аяғында елдеріміз арасындағы тауар айналымы шамамен 600 миллион долларға жетті. Бұл – үлкен жетістік. Дегенмен, әлі де арттыра түсуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы шейх Мұхаммед бен Зайд Әл Нахаянмен бүгінгі кездесу барысында тауар айналымын 1 миллиард долларға дейін жеткізу үшін күш салуға шешім қабылданғанын мәлімдеді. – Әрине, бұл мақсатқа жету негізінен осы залда отырған адамдарға байланысты. Сонымен қатар, маусым айында Астанада өтетін халықаралық форум компанияларымыз арасындағы іскерлік және коммерциялық қатынастарды жылға қоюға мүмкіндік береді, – деген Мемлекет басшысы араб инвесторларын елімізге шақырды.

ЖАҢА СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен БАӘ арасындағы іскерлік ынтымақтастықты одан әрі нығайта алатын негізгі бағыттарды атап өтті. Оның айтуынша, біздің еліміз ауыл шаруашылығы саласындағы серіктестікке үлкен үміт артып отыр. Қазақстан органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп, оны БАӘ нарығына жеткізуге дайын. Мемлекет басшысы Өмірліктердің Қазақстанда бұрыннан жұмыс істеп жатқан және басқа да кәсіпорындарын тамақ



Мемлекет басшысы Қазақстан – БАӘ инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысты

өнеркәсібіне инвестиция салуға шақырды.

– Біз аса маңызды материалдар мен сирек кездесетін металдардың барланған қоры бойынша әлемдегі жетекші елдің қатарына кіреміз. Біз уран, титан, хром және басқа да материалдардың ірі өндірушісі саналамыз. Көптеген кен орны әлі зерттелмеген. Елеулі технологиялық дамуды ескерсек, маңызды материалдардың мәні арта түседі. Бізге осы саладағы әлеуетімізді толық іске асыру үшін инвестиция мен тәжірибе қажет. Тартымдылығымызды арттыру үшін күрделі газ және мұнай кен орындарын игеру жөнінде жетілдірілген келісім-шарт үлгісін қабылдадық. Ол жоғары деңгейдегі құқықтық тұрғыда қорғауды және салықтық жеңілдіктерді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, инвесторларды қолдау үшін Ұлттық геологиялық қызмет пен тиісті цифрлық платформа құрдық. 2023 жылдан бастап тау-кен металлургия секторындағы жаңа стратегиялық жобалар пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты төлеуден бес жылға дейін босатылады, – деді Президент.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен БАӘ-нің көміртегі бейтараптығына қатысты ұстанымдары ортақ екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Климат

тың өзгеру мәселелері жөніндегі БҰҰ 28-конференциясын (COP28) БАӘ-нің табысты өткізуіне тілектестік білдірді.

– Біздің еліміз ТМД аймағында бірінші болып Париж келісімін ратификациялады және Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөнінде ұлттық стратегия әзірледі. 2035 жылға қарай 11 гига-ватт таза энергия көздерін енгізуді және энергетика секторын толығымен жаңғыртуды жоспарлап отырмыз. Осы орайда, біз Masdar компаниясының Қазақстанда ірі жел электр паркін салу ниетін құптаймыз. Жинақтау қуаты бар жаңартылатын энергия жобаларына басымдық беріледі. Бұл бастамасы ғана деп үміттенеміз. Өмірліктерге қарасты компаниялардың «жасыл» сутегі саласындағы елеулі нәтижелерін ескере отырып, сіздерді Қазақстанда осындай мүмкіндіктерді қарастыруға шақырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ТІКЕЛЕЙ ШЫҒАТЫН ҚАҚПА

Президент геосаяси шиеленістерден туындаған жеткізу тізбегіндегі келеңсіздіктер логистикалық және көлік желілері мен жобаларының маңызын арттырды деп санайды. Оның пікірінше, Қазақстан

Еуразиялық экономикалық одақты, Орталық Азия мен Қытайды қоса алғанда, миллиардтан астам тұтынушысы бар нарықтарға тікелей шығатын қақпа саналады.

– Орталық Азия – болашағы зор әрі қарқынды дамып келе жатқан үлкен аймақ. Біз Орталық Азиядағы сауда-саттық пен байланыстарымызды нығайту үшін бірқатар траншеикаралық саудалогистикалық орталық салуды жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, Қазақстан – сапалы жолдарға мұқтаж үлкен мемлекет. Көріштерімізбен және Еуропалық Одақпен бірлесе отырып, «Цифрлық көлік дәлізін» құру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Біздің мақсатымыз – кедергілердің бәрін жою және Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік бағыттарының қауіпсіз түрде байланыстыру. Өзара қарым-қатынастардың дамып, нығайуы Өмірліктер компанияларына пайдалы болатыны сөзсіз. Сондықтан елімізде теңіз және порт инфрақұрылымын құру жөніндегі Abu Dhabi Ports компаниясымен ынтымақтастығымызды толық қолдаймын, – деді Мемлекет басшысы.

«АБУ-ДАБИ ПЛАЗА» – СЕРІКТЕСТІК СИМВОЛЫ

Президент Астанадағы «Абу-Даби Плаза» құрылысының толық аяқталғанын күтетінін айтты. Ор-

талық Азиядағы ең биік саналатын бұл ғимарат елордамыздың ғана емес, Қазақстан мен БАӘ серіктестігінің символына айналады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміз Орталық Азия аймағында технологиялық хабқа айналуға ұмтылады.

– Біздің дамуымыздың жаңа бағыты экономика мен мемлекеттік қызметтерді ауқымды түрде цифрландыруға негізделген. БҰҰ-ның бағалауына сәйкес Қазақстан электронды үкіметті дамыту жөнінен әлемде 28-орында, ал онлайн қызмет көрсетуден 8-орында тұр. Қысқарғандық болашақта цифрландыру ісі 150 мың жұмыс орнын ашып, экономикалық дамуымыздың негізі болмақ. Біз Өмірліктердің осы саладағы жетекші компанияларының тәжірибесін пайдаланғымыз келеді. G42 жасанды интеллектісін, деректерді басқару жүйесін, денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру жөніндегі ынтымақтастығымыз бізді алда не күтіп тұрғанының жарқын мысалы бола алады, – деді Президент.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы әлемдік деңгейдегі қуатты қаржы секторын құруда Қазақстан белсенді жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

– Бүгінде «Астана» халықаралық қаржы орталығында 64 елден 1700 компания тіркелген. АХҚО-да жалпы халықаралық құқыққа негізделген заң жүйесі, тәуелсіз сот және арбитраж орталығы, салық жеңілдіктері және арнайы еңбек режимі жұмыс істейді. Бүгінде АХҚО Дубай халықаралық қаржы орталығымен және Абу-Даби жаһандық нарығымен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Біз, әсіресе, қаржы технологиясы, «жасыл» қаржыландыру, исламдық қаржыландыру салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды көздеп отырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент екі ел арасындағы экономикалық серіктестік барлық салада ортаптанып, кеңейе беретініне сенім білдірді.

– Үкімет сіздерге Қазақстанда бизнеспен айналысу үшін қажетті кез келген қолдау көрсетуге дайын. Қауіпсіз және тұрақты инвестициялық орта қалыптасатынына сенім артуларыңызға болады. Бүгінгі кездесу екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастыққа тың серпін береді деп сенемін. Біздің ортақ болашағымыз – жарқын. Оны ындылыққа айналдыру – ортақ міндетіміз, – деді Мемлекет басшысы.

лып ратификациялады. Сол сәттен бері біз экономиканы әртарапандыруға және жаңартылатын энергия көздері мен орнықты технологияларды ілгерілетуге бағытталған барынша теңгерімді, ұтымды саясатымызды қалыптастырдық, – деп тұжырымдаған ол елімізде электр энергиясының 70 пайызға жуығы көмірден өндірілетінін атап өтіп, алдағы уақытта өнеркәсіп пен экономикаға түбегейлі құрылымдық өзгерістер ежелетін ауқымды шараларға арнайы тоқталды.

Президенттің айтуынша, жаңа Экологиялық кодекс өнеркәсіп корпорацияларының жаңартылатын энергия көздеріне көшуіне оң ықпал етеді.

– Компанияның экологиялық жаңғыруға қуатын инвестициясының толық құны бюджетке төленетін экологиялық төлемнен шегеріледі. Мәселенің нормативтік-құқықтық реттеу жағына келер болсақ, биыл барлық негізгі өнеркәсіп салалары үшін Ең үздік қолжетімді техникалардың (BAT) салалық стандарттар анықтамалығын әзірлеу ісі аяқталады. Келесі сатыда ластанған табиғаттың 80 пайызына жауапты 50 ірі корпорация осы стандарттарға өтуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ЖАСЫЛ СУТЕГІ» – КЕЛЕШЕГІ ЗОР БАҒЫТТЫҢ БІРІ

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан – көміртегі бейтараптығына қол

жеткізу үшін ұзақмерзімді стратегия қабылдаған Орталық Азиядағы алғашқы ел. Аталған стратегия ұлттық деңгейде анықталған климаттың өзгеруіне қарсы күрес көрсеткіштеріне үлес қосудың оңтайлы тәсілдерін айқындайды.

– Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлу және квоталарды саудалаудың ұлттық жүйесі ауаға тарайтын шығарындыларды азайтуды және энергия үнемдеу технологиясын дамытуды ынталандыратын механизм ретінде өз тиімділігін дәлелдеді. Біздің ортақ мақсатымыз – Парниктік газдар шығарындыларын саудалаудың ұлттық және еуропалық жүйесіндегі ашықтығын жою. Бұл шаралардың барлығы Париж конвенциясындағы міндеттемелерді 2030 жылға қарай толық орындауға мүмкіндік береді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент саммит қатысушыларына Қазақстандағы жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің перспективалары туралы мәлімет берді.

– Күн мен жел факторлары, сондай-ақ ұлан-ғайыр жеріміз Қазақстанның климатты сақтау жолындағы жаһандық іс-әрекеттерге атсалысып, жаңартылатын энергия секторында көш бастауына мүмкіндік береді. Осыған байланысты біз инвесторларға анағұрлым ұтымды шарттар ұсыну үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіріп

жатырмыз. Жалпы, біздің жоспарымыз бойынша 2035 жылға қарай Қазақстанда 6,5 ГВт жаңартылатын энергия ресурсы пайда болады. Бұл орайда «жасыл сутегі» – келешегі зор бағыттың бірі. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, еліміз сутегін экспорттаушылардың алғашқы ондығына кіре алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атом энергиясын пайдалану мәселесіне назар аударып, бұл ауаға тарайтын парниктік газдардың көлемін азайтуға әсер ететін басты фактордың бірі екенін айтты. Сондай-ақ, Қазақстанның атом энергетикасын дамытудағы артықшылықтарына тоқталды.

– Еліміз табиғи уран өндіру бойынша әлемде бірінші орында. Бұл ядролық отынның компоненттерін өз елімізде өндіреміз және атом энергиясын қауіпсіз пайдалану ісін одан әрі дамытуға мүмкіндігіміз мол. Біздің пікірімізше, бұл – аймақтық және жаһандық деңгейдегі сауда мен инвестиция үшін келешегі мол сала, – деді Мемлекет басшысы.

ОРМАН ӨСІРУ – ӨМІРЛІК МАҢЫЗЫ БАР БАҒДАР

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев климаттың өзгеруін тежеу стратегиясы үшін орман өсіру өмірлік маңызы бар бағыт саналатынын жеткізді. Қазақстан Климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ 26-шы конференция-

сында қабылданған Орман мен жерді пайдалану декларациясына қосылды. Бұдан бөлек, елімізде 2025 жылға дейін екі миллиард ағаш отырғызуды көздейтін ауқымды жоба басталды. Былтыр 282 миллион түп ағаш отырғызылды. Биыл тағы 410 миллион ағаш отырғызу жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы астық өндірісі бойынша Қазақстан әлемде жетінші орын алатынын атап өтіп, дүниежүзілік азық-түлік тапшылығымен күресте еліміз өзінің ауыл шаруашылығы әлеуетін пайдалануға ниетті екенін мәлімдеді.

– Біз ауған халқына гуманитарлық көмек ретінде бидай ұнын жеткізу үшін Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасымен, сондай-ақ БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз. Осы ретте дамушы елдерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымымен де ынтымақтаса жұмыс істеуге шақырамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында саммитке қатысушылардың барлығын «жасыл жобаларды» жүзеге асыруға белсене атсалысуға, сондай-ақ ESG-инвестициялар мен орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін күш біріктіруге шақырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Шаһар басшысы білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы құрылысы
ұзаққа созылған нысандармен танысты

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Алдымен қала әкімі Медеу ауданындағы №48 мектеп-лицейге жапсарласа салынып жатқан қосымша құрылыс жұмысының барысымен танысты. Қосымша ғимарат бұл мектептегі орын санын 260-тан 510-ға дейін арттыруға едәуір мүмкіндік бергелі отыр. Мектептің жаңа асханасы, спорт және Мәжіліс залдарын қосқанда ғимараттың жалпы ауданы 6,5 мың шаршы метр аумақты қамтиды.

Аталмыш білім ұясы 2021 жылдың 30 маусымында реконструкция үшін жабылған еді. Негізгі жоспар бойынша нысан 2022 жылдың 30 сәуірінде пайдалануға берілуі тиіс болатын. Дегенмен, «Риголит» ЖШС (Алматы қ.) бас мердігерінің кінәсінен жұмысты аяқтау мерзімі үшінші рет өзгерді. Кестеден кешігуге жобалау-сметалық құжаттамаға енгізілген өзгерістер мен сметаны түзету себеп болған. Бұған қоса, «Каспий маңы» құрылыс басқармасы – Шымкент» ЖШС бас жобалаушысы (Шымкент қ.) құрылыс жобасын жасаған кезде шатырға арналған материалдарды, дренажды, сыртқы жылу трассасын тартуды ескермеген және жылу мен ыстық суды әлеуметтік маңызды нысанға жеткізу үшін қазандықты реконструкцияламаған.

Бытырғы жылдың қыркүйек айында Алматы әкімшілігі тарапынан жобаны түзетуге байланысты барлық мәселе шешіліп, қажетті қаражат бөлінді. Соған қарамастан, «Риголит» ЖШС қажетті ресурстарды жұмылдыра алмады. Салғырттық салдарынан мектеп құрылысын 2022 жылдың соңына дейін аяқтай алмай, міндеттемелерін орындамады.

Қазіргі таңда бірінші және екінші блоктағы жұмыстар 95%-ға аяқталып, оқу кабинеттері 95%-ға жабдықталды. Әлі де мектеп құрылысының үш блок салу, мектеп аумағын абаттандыру бойынша қажетті жұмыстар толығымен аяқталған жоқ. Бұған қоса, мектепке спорттық жабын, жас топтары бойынша қоршау және т.б. орнатылуы қажет.

Қазіргі қысқы ауа райының қолайсыздығы ескеріле отырып, кейбір жұмыстар, соның ішінде абаттандыру көктемге ауыстырылды. Жалпы, мектептің құрылыс жұмыстарын 2023 жылдың екінші тоқсанында толығымен аяқтау жоспарланып отыр. Шаһар басшысы қалалық Құрылыс басқармасына межелі мерзімнің тағы да өзгеруіне жол бермеу үшін жұмыстың бағытын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Осыдан кейін қала әкімі Бостандық ауданындағы 760 оқушыға арналған №145



жалпы білім беретін мектептегі сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Аталмыш мектептің бой көтергеніне 30 жылдан астам уақыт өтсе де, күні бүгінге дейін күрделі жөндеу көрмеген.

Мектептегі құрылыс жұмыстары 2021 жылдың тамызында басталып, 2022 жылдың наурызында пайдалануға беру жоспарланған болатын. Алайда, «Корпорация Ақ Ордасы» ЖШС бас мердігерінің сапасыз жұмысына байланысты тапсыру мерзімін үшінші рет ауыстыруға тура келді. Тапсыруға тиіс кестеден кеш қалуға жобалау-сметалық құжаттаманың шикілігі (әзірленген жылы – 2020, авторы – «Шебер» компаниясы) ЖШС, Жезқазған қ.) және материалдар мен қызметтердің қазіргі бағаларға сай келмеуі басты себеп болды.

Қазіргі таңда ғимаратты әрлеу, шатырын жабу, аумақты абаттандыру сияқты жұмыстар толығымен бітпеген. Құрылыс компаниясы нысанды жаңа оқу жылына дейін тапсыруды жоспарлап отыр. Сондықтан Ерболат Досаев кезекті мерзім созылған жағдайда мердігерді сотқа беруді қатаң тапсырды.

Сонымен қатар, «Корпорация Ақ Ордасы» ЖШС қаламыздағы – «Балаларға шұғыл медициналық көмек орталығының» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны үшін операциялық блогы бар қабылдау бөлімінің ғимаратын салумен де айналысқан еді. Бұл жұмыс 2021 жылдың тамызында басталды, келісім-шартқа сәйкес былтыр желтоқсанда аяқталуы тиіс болатын. Алайда, «Корпорация Ақ Ордасы»

ЖШС-і жүргізген сапасыз жұмыс салдарынан әлеуметтік маңызды нысанды дер кезінде тапсыра алмады.

Осыған орай, қалалық әкімшілік құрылыс қарқынын жеделдету үшін бірқатар ұйымдастырушылық шара қабылдап, қосымша жұмыс күші мен техника жұмылдыруға мәжбүр болды. Бұл ретте құрылыс-монтаж жұмыстарын жалғастыру үшін «Атрикс Строй» ЖШС қосалқы мердігерлік ұйымы көмекке тартылды. Шаһар басшысы Е.Досаев Құрылыс басқармасына жүргізіліп жатқан жұмыстардың межелі мерзімде орындалуын жіті бақылауда ұстап, «Корпорация Ақ Ордасы» ЖШС компаниясының жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты мақсатты пайдаланғанын тексеруді тапсырды.

Содан кейін қала әкімі осыдан 60 жыл бұрын салынған №2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінде болып, ондағы жүргізіліп жатқан қосымша құрылыс жобасымен де танысты. Салынып жатқан ғимаратта 300 орынды оқу ғимараты, 129 орынды акт залы және 84 орынды асхана болады. Бүгінде 410 орынды колледжде 1042 студент оқып жатыр.

Бастапқы жоба бойынша іргелес стадион аумағында жеке ғимарат салу көзделген еді. Дегенмен, жобаны талқылау барысында әкімдік жергілікті тұрғындардың талабын ескере отырып, жасыл аймақ пен спорт нысанын сақтау мақсатында қолданыстағы колледж ғимаратына қосымша құрылыс салу мәселесіне тоқталды. Қазір Құрылыс басқармасы жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге кірісті. Жоба барысында футбол, баскетбол, волейбол алаңы, воркаут-аймақтар мен балалар алаңдары

орналасатын стадионды жаңғырту да көзделіп отыр. Құрылыс жұмысының бас жобалаушысы «ДИАС Проект» ЖШС, құрылыс жұмыстары 2023 жылғы шілдеде басталады.

Қала әкімі Құрылыс басқармасына қаңтар айының соңына дейін тұрғындардың пікірі мен ұсынысын ескере отырып, эскиздік жобаны Қала құрылысы және урбанистика басқармасымен келісуді тапсырды. Сонымен қатар, барлық жасыл желекті колледж аумағынан көшіруді және сақтауды ескертті.

Қаламыздағы құрылыс жұмыстары жүріп жатқан нысандарды аралау барысында шаһар басшысы №9 мектеп-интернатқа жапсарласа салынып жатқан қосымша құрылыс жұмыстарымен де танысты. Аталмыш мекеме 220 орынды, бірақ мұнда қазір 328 бала оқып жатыр. Жаңадан бой көтеріп жатқан нысанда оқу ғимараты мен асхана да орналасатын болады.

Жалпы, құрылыстың бас мердігері – «Barat & Co» ЖШС (Шымкент қ.). Компания құрылыс-монтаж жұмыстарын 2021 жылғы 20 шілдеде бастап, өткен жылдың қаңтарында пайдалануға берілуі тиіс еді. Бірақ сол кезден бастап бұл мерзім екі рет өзгерген көрінеді.

Құрылыстың 2020 жылғы жобасына сәйкес жұмыстар қажетті материалдардың қымбаттауына байланысты қазіргі бағаларға сәйкестендіріп, түзетуге бағытталған. Мұны ескере отырып, «BARAT & CO» ЖШС құрылысты былтыр жыл соңына дейін аяқтауы тиіс еді. Себебі, Құрылыс басқармасына тапсырыс беруші құрылысқа арналған барлық рәсімді орындады, қажетті қаражат бөлінді. Желтоқсан айында «Barat & Co» ЖШС мердігерлік ұйымына қатысты ұзартылған мерзімді бұзғаны үшін сотқа талап арыз берілді. Компанияның кінәсінен мектеп-интернат төртінші жыл жұмыс істемейді. Оқушылар басқа оқу орындарында уақытша оқып жүр.

Құрылыс нысанын аралап шыққан Ерболат Досаев құрылыс-монтаж жұмыстарында, оның ішінде ішкі есіктің және т.б. материалдың сапасыздығы туралы қатаң ескерту жасады. Мектеп маңайындағы абаттандыру жұмыстарын ескере отырып, нысанды биылғы жылдың мамыр айында тапсыру жоспарланып отыр. Сәтін салса, оқушылар оқу жылының басынан қайта қабылданатын болады.

Жүргізілген рейд қорытындысы бойынша қала әкімі тиісті басқармаға құрылыс қарқынын жеделдетуді, құрылыс жұмыстары мен қолданылатын материалдардың сапасына мән беріп, әлеуметтік нысандарды заманауи жабдықтармен қамтамасыз етуге баса назар аударуды тапсырды.





РЕНОВАЦИЯ



ЖАҢАРУ мен ЖАҢҒЫРУ

2030 жылға дейін Алматыда 700-ден астам ескі үй сүріледі

Елімізде тұрғын үй қорын жаңарту-жақсарту, тозығы жеткен үйлерді сүріп, орнына жаңа үй салу үшін реновация бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осыған орай Алматыда 2022–2030 жылдарға арналған тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасы әзірленді. Оған шамамен 1120 млрд теңге бөлінеді.

Алдымен алматылықтар жиі естіп жүрген реновация сөзіне аз-кем түсінік бере кетейік. Реновация – тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу бағдарламасы. Яғни сапалық жағынан ескіріп, тозған негізгі қорларды жаңаларымен ауыстыруды көздейтін экономикалық үдеріс. Әйтсе де, бұл үдеріс ескі нысандарды сүріп, олардың орнына жаңа құрылыстар тұрғызумен ғана шектелмейді. Бүгінде «реновация» сөзінің қолданылу ауқымы әлде-қайда кеңейген. Оған кешенді құрылыс жүргізу арқылы азаматтардың қолайлы өмір сүруіне жағдай туғызу, тұрмыстық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, аумақтарды, көше-жол бойларын абаттандыру, қоғалдандыру, әлеуметтік желілерді кеңейту міндеттері де кіреді.

Екі кезеңнен тұрады

Бүгінде қалада 1930–1975 жылдары салынған, пайдалану мерзімі өткен 1427 екі қабатты ескі үй бар. Бұл үйлерде орта есеппен 60 мыңнан астам адам тұрады. Ескі құрылыстардың адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті екені сөзсіз. Сондықтан реновация тұрғын үй қорын жаңартып, ескі үйлердің орнына заманауи нысандардың бой көтеруіне мүмкіндік береді. Бұл ретте бұзылған аумақтарда тек тұрғын үйлер ғана емес, сонымен қатар халыққа қызмет көрсететін нысандар мен жаңа желілер салынады. Сонымен қатар, саябақтар мен скверлер, қоғамдық кеңістіктер бой көтереді. Қалалық әкімдіктің хабарлауынша, алдағы уақытта

жаңа тұрғын үй құрылысынан басқа, қолданыстағы құрылыс учаскелерін, оның ішінде ескірген, қалпына келтіруге жатпайтын учаскелерді қайта жандандыруға назар аударылады. Бұл бағытта 2023 жылы техникалық қызмет көрсетуді, конструкциялар мен инженерлік жүйелерді жөндеуді, оның ішінде ескі және авариялық тұрғын үй қорын ауыстыруды көздейтін ғимараттар мен құрылыстарды күтіп ұстау және пайдалану қағидалары әзірленіп, бекітілетін болады. Әкімдіктің мәліметінше, жаңғырту бағдарламасы біріншісі 2022 жылдан 2025 жылға дейін, екіншісі 2025 жылдан 2030 жылға дейін жалғасатын екі кезеңнен тұрады. 2025 жылға дейін 304 үйді бұзу және 150 жаңа тұрғын үй салу жоспарланған. Бұдан әрі 2025 жылдан 2030 жылға дейін тағы 404 тозығы жеткен үй бұзылады. Тұрғындарды көшіру үшін 533 жаңа ғимарат салынады.

Жаңару да қаражатқа байланысты

Тұрғын үй қорын реновациялау бағдарламасы бойынша Алматыда 708 ескі үй бұзылып, 683 жаңа үй салынады. Жаңарту бағдарламасы 1120 млрд теңгені құрайды. Ескі үйлерді сүру мен құрылыс жергілікті бюджет пен жеке инвесторлар есебінен жүзеге асырылатын болады. Осыған орай, қала әкімдігі 2023 жылы 20 млрд теңгеге, 2024 жылы 65 млрд теңгеге инвестиция тартуды жоспарлап отыр. Ал 2025 жылдан бастап 95 млрд теңге қажет болады, оның 30 млрд теңгесін бюджет,

65 млрд инвестиция құрайды. 2026–2030 жылдары жаңғыртуға 900 млрд теңге (оның ішінде 840 млрд – жеке тұлғалардан, 60 млрд – бюджеттен) қажет. Көрсетілген сомаларға қызыл сызықта, санитарлық және су қорғау аймақтарында орналасқан тозығы жеткен үйлердің тұрғындарын көшіруге, тұрғын үй сатып алуға жұмсалатын шығындар кіреді. Сүрілген үйлердің орнына жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп, айналасы абаттандырылады, саябақтар, т.б. секілді қоғамдық кеңістіктер салынады.

5 полиорталық құрылмақ

Өткен жылы «Алматыбас-жоспар» ҒЗИ қызметкерлері математикалық модельдеу негізінде талдау жүргізіп, мамандар қолданыстағы көшелердің түрлері және олардың әлеуеті туралы деректер жинаған. Онда тұрғындардың экономикалық және әлеуметтік белсенділігі олардың тұратын аумақтарының кеңістіктік сипаттамаларымен салыстырылды. Сондай-ақ, қала дамуының әртүрлі сценарийлеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Қала әкімдігінің мәліметінше, Алматыда 2030 жылға қарай 5 полиорталық құрылмақ. Айтуларынша, қала халқының басым бөлігі соларда тұратын болады. Демек, бір орталықтың орнына «Солтүстік», «Батыс», «Оңтүстік-батыс», «Шығыс қақпасы» және «Тарихи орталық» сияқты бес орталық пайда болады. Бұл туралы «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі негізгі басымдықтар» құжатында айтылған. Қала тұрғындары, кәсіпкерлер мен туристер үшін өте тартымды ете түсу үшін полиорталықтарды дамытудың негізі ретінде тарихи орталық алынады. Осылайша Алматының барлық ауданы ықпалдастық пен көшелер желісінің байланысы есебінен бір-бірінен және тарихи орталықтан оқшауланбай өмір сүреді.

толық көлемде қамтамасыз ете алмады.

Аудан әкімдігі мен «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ қызметкерлері шағынаудан тұрғындарымен кездесіп, әр үйді аралап түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Соңында 1.30-да 135 абонент газбен қамтамасыз етілді. Қалған 52 абонент бойынша желілерде газ құбырының бітелуі анықталды. Оларды жою үшін негізгі магистралды ажырату қажет болды (қауіпсіздік техникасына сәйкес түнгі уақытта дәнекерлеу және іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілмейді). Шағынаудан тұрғындарына апатты қалпына келтіру жұмысы бүгін күндізгі уақытта да жалғасатыны туралы түсініктемелер берілді.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



уақытқа созылды. Содан соң желілерді іске қосу-жөндеу жұмысы басталды. Алайда, жөндеу бригадалары газбен тұрақты жабдықтауды

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

«Alataý Aqparat» медиахолдингі: жыл қорытындысы

Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде өзіндік орны бөлек, салмақты ұжымдардың бірі – «Alataý Aqparat» ЖШС. Алматы шаһарының шамшырағындай болған қара шаңырақты соңғы 3 жыл көлемінде есімі елге белгілі медиаменеджер Төлеміс Күлмұхамедов басқарды. Биік зерде мен парасат-пайым иесі Төлеміс Бақтыбайұлының медиахолдингке сіңірген еңбегі орасан зор.



жарыстарға қатысқан журналистерге қолдау білдірді.

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген мазмұны терең сөзі осы Төлеміс Бақтыбайұлы сынды адамдарға қатысты айтылса керек. Өйткені, ол қазақы таным, дәстүр, дін мен діл, ұлттық өткір мәселелерді жанын салып көтере білді. Басшы ретінде журналистке берген тапсырмасының соңына дейін жеткізілуін қатты қадағалады. Ұлттық мүдде сынға түскен кездерде кез келген іске білек сыбана кірісті.

«Көреген басшы елді өсіреді» демекші, Төлеміс Бақтыбайұлы «Alataý Aqparat» медиахолдингінің шығармашылығын ғана

«Alataý Aqparat» медиахолдингіне директор болып келісімен, Төлеміс Бақтыбайұлы «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінің басын біріктіріп, ынтымағы берік, бірілігі жарасқан үлкен ұжымға айналдыра білді.

«Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттері мегаполистің қым-қуыт тіршілігін оқырманға жеткізіп, қалалықтармен қоян-қолтық жұмыс істеп келеді. Халықтың мүддесі үшін қызмет ететін қос ұжымның қызметкерлері мен журналистер қауымы бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай жұмылып жұмыс істейді. Көреген басшы газет қызметкерлерінің бір-бірімен ақпарат алмасып, бірлесіп жұмыс істеуі үшін барынша жағдай жасады. Басшының мұрындық болуымен ұйымдастырылған «дөңгелек үстелдер», белгілі тұлғалармен кездесулер, мерекелік жиындар, табиғат аясындағы демалыс қос газеттің шығармашылық ұжымын жақындата түсті.

Мәселен, былтыр «Вечерний Алматы» газетінің 85 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті. Мерейтойды жоғары деңгейде атап өтуге екі ұжым да атсалысты. Рамазан айындағы ауызашар, Құрбан айт, Наурыз мерекелерін әрдайым бірлесіп өткізуді үлкен ұжым дәстүрге айналдырды.

Жүрегі кең, талабы биік Төлеміс Бақтыбайұлы ұжымда қызмет ететін әр адамға көңіл бөліп, әркімнің шығармашылығына ден қойды. Соңғы 3 жылда редакцияда жұмыс істейтін жас журналистердің қатары көбейді. Негізгі мамандығы мұғалім болғандықтан болса керек, Төлеміс Бақтыбайұлы жастарға үнемі қолдау білдіріп, бағыт-бағдар беріп отырды. Жағдайын айтып, алдына барған қызметкердің мәселін қайтарған емес. Басшының абырой, беделінің биіктігі ұжымның оған деген құрметінен, сыйластығынан көрінеді. Басшы ретінде мейірімді, бірақ әділ адам әр қызметкердің еңбегін бағалап, журналистердің қаламақысын жоғарылатты. Жалпы, қызметкерлердің жалақысын үш рет өсірді. Еңбегіне қарай, аға буын журналистерді де, жастарды да мемлекеттік марапаттарға ұсынып отырды. Қалалық, халықаралық

емес, шаруашылығын да біршама көтерді. Шевченко көшесінің бойындағы «Алматы ақшамы» мен «Вечерний Алматы» және сайт редакциялары орналасқан ғимарат біраз жылдан бері жөндеу көрмей, тозып тұрған еді. Соңғы бірнеше жылда ғимараттың іші-сырты толық жөндеуден өтіп, бөлмелері жанарып, жарқырап қалды. Газеттің редакциясы қажетті жаңа техникалармен қамтамасыз етілді.

Өткен жылдың қорытындысы есебінде «Alataý Aqparat» медиахолдингі атқарған жақсы іс-шараның бірін айта кетейік. Мәселен, мұндай істің бірі «Alataý Aqparat» кітапханасы» айдарымен Қазақстан Журналистер академиясының президенті, профессор Сағымбай Қозыбаевтың «Дай-дидау» деген атпен шыққан эсселер жинағынан басталды. Бұл орайда Олжас Сүлейменов, Мұрат Әуезов және басқа да белгілі қазақстандық авторлардың кітаптарын шығару жоспарланған.

Мұндай кітаптар сериясын шығару идеясы «Alataý Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Төлеміс Күлмұхамедовке тиесілі.

«Кітап шығару идеясын маған Шығармашылық даму жөніндегі кеңесіміз ұсынды, оған белгілі тұлғалар – кеңес төрағасы Олжас Сүлейменов, сондай-ақ Мұрат Әуезов, Сағымбай Қозыбаев, Сейітказы Матаев кіреді», – деді Төлеміс Күлмұхамедов.

Төлеміс Бақтыбайұлы «Alataý Aqparat» медиахолдингіне директор болып келгенге дейін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Интеграция институтын басқарған. Жалпы, еңбек жолында ол 20 жылдан астам уақыт медиа саласында жетекшілік қызметтерді атқарды. «Экспресс К», «Новое поколение», «Казахстанская правда», «Литер» басылымдарында, «Время», «Арна Медиа» және «Нұр Медиа» холдингтерінде жетекшілік қызметтер атқарды.

Биыл «Alataý Aqparat» ЖШС директоры Төлеміс Күлмұхамедов құрметті зейнет демалысына шықты. Беделі биік, абыройы асқақ Төлеміс Бақтыбайұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

«ALATAÝ AQPARAT»
ЖШС ҰЖЫМЫ.

КӨГІЛДІР ОТЫН

Қалпына келтірілді

Бұрнағы күні сағат 13.30-да жүк көлігі орташа қысымды газ магистраліне соқтығысып, апат салдарынан Түрксіб ауданына қарасты «Қайрат» шағынауданының бірқатар үйлеріне газ беру тоқтатылған болатын.

ЖКО салдарынан істен шыққан аймақта «Баймақ» ЖШС жеке газ желілерінің зақымдануы бойынша жөндеу жұмыстарын жедел қолға алды. Апатты қалпына келтіру жұмыстары 3 сағаттан астам



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ИНТЕРАКТИВТІ КАРТА

Қазақстанда мемлекеттік меншікке қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерінің интерактивті картасы – *jerkarta.gharysh.kz* геосервисі іске қосылды.

Ол азаматтардың ауыл шаруашылығы жерлеріне құқық беру туралы жергілікті атқарушы органдарға өтініш берулеріне бағдар және жылдар бойы пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға тартуға негіз болады. Интерактивті карта азаматтарға кез келген уақытта қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлері бойынша мониторингті жүзеге асыруға мүмкіндік береді және осы учаскелерді алу мақсатында жергілікті атқарушы органдарға өтініш беру үшін бағдар болады. Бұл жылдар бойы пайдаланылмаған ауылшаруашылық жерлерін айналымға тартуға, сондай-ақ тұрғындарды ауыл шаруашылығы үшін қажетті алаңдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Интерактивті картаны енгізу қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу бойынша жұмысты ашық әрі айқын етеді. Картаны Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бірлесіп әзірледі. *jerkarta.gharysh.kz* геосервисінде бұған дейін игерілмеген, заңсыз беріліп, мемлекетке қайтарылған учаскелер туралы барлық ақпарат орналастырылған, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі.

■ ГРАНТ

Биыл ҰЕҰ-ға республикалық бюджет қаражатынан бөлінген гранттардың жалпы сомасы 1 млрд 292 мың теңгені құрайды.

Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы ҰЕҰ үшін мемлекеттік гранттар беру бойынша конкурста өтінімдерді қабылдай бастады. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ Басқарма төрағасы Ғалым Құрман хабарлады.

■ НЕСИЕ

2023 жылдан бастап Қазақстанның ауылдық елді мекендері мен шағын қалаларының тұрғындары бизнесті кеңейтуге, мал, ауыл шаруашылығы техникасын немесе жабдықтарын сатып алуға жеңілдікпен шағын несие ала алады. Бұл Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны кеңейтудің арқасында мүмкін болады.

Жобаны іске асыруға 2023 жылы республикалық бюджеттен 52,4 млрд теңге (11 мыңнан астам шағын несие) көзделген. Бұл ретте әкімдіктер қазіргі уақытта қосымша қанша қаражат қажет екенін анықтау үшін ауылдық округтерге скрининг жүргізіп жатыр, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі. Қаражатты ісін жаңа бастаған және бұрыннан жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер; зейнеткерлік жасқа толмаған қысқартылатын жұмыскерлер; ЖК ретінде тіркелмеген тауарларды өндіру немесе сату, жұмыстарды орындау және қызмет көрсетуді дербес жүзеге асыратын тұлғалар (оның ішінде әрекетсіз ЖК); отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғалар; жеке қосалқы шаруашылықта күнкөріс деңгейінен төмен табыс алып, сату немесе айырбастау үшін өнім өндіретін тұлғалар ала алады.

■ ПОРТАЛ

Өткен жылы Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы шамамен 336,9 мың мүгедектігі бар адам оңалтудың техникалық құралдарын, 7,3 мың – ымдау тілі қызметін, 27,3 мың – жеке көмегінің қызметін алды. Сондай-ақ, Портал арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтамаларға 133 мың тапсырыс рәсімделді, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі.

Портал мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оңалтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды. Қолдауға арналған байланыс орталығына 1414 бірыңғай нөміріне қоңырау шалып, тілді таңдау және 5 санын басу арқылы Порталды пайдалану бойынша кеңес алуға болады.

■ СЕССИЯ

МЕГАПОЛИСТЕГІ
МАҢЫЗДЫ ШАРАЛАР

Алматыда мәслихат депутаттары
бірқатар жаңа ережені бекітті



Алматыда VII шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXXII сессиясы өтті. Отырысқа қала әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері және сараптамалық қоғамдастық өкілдері қатысты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ
КҮТІМ КҮШЕЙДІ

Сессия барысында мәслихат депутаттары бірқатар нормативтік-құқықтық актілерді, оның ішінде жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау ережелерін қарап, бекітті. Оларды әзірлеуде ғалымдар, көгалдандыру жұмысын жүргізушілер мен қоғам өкілдері белсенділік танытты.

Ережеде суару, оның ішінде суару жүйесін ұйымдастыру, жасыл желектерді зиянкестер мен аурулардан биологиялық өңдеу, неғұрлым сапалы отырғызу материалдарын таңдау, объектілерден ағаштарға дейінгі ең аз арақашықтықты сақтау, ағаштарға санитарлық және формалы кесуді жүргізу, құрылыс жүргізу немесе аумақты реконструкциялау туралы шешім қабылдау кезінде міндетті түрде қоғамдық тыңдаулар өткізу жөніндегі жасыл желектерге қатысты нормалар мен талаптар көзделген.

Жаңа ережелерге сәйкес, өтемдік екпелер кезінде биіктігі кемінде 2,5 м немесе биіктігі кемінде 2 м қылқан жапырақты ағаштарды үш жыл бойы күту қарастырылады.

Ережелерде жасыл кеңістігі бар аумақта жұмыс істейтін құрылыс компанияларына қойылатын талаптар айтарлықтай күшейтілген. Құрылыс ұйымдары жұмыстарды жүргізу кезінде жасыл желектердің сақталуын қамтамасыз ету үшін талаптарды орындауға міндетті.

ЖАНУАРЛАРҒА
ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЛАДЫ

Сессия барысында мәслихат депутаттары жануарларды аулаудың, уақытша күтіп-бағудың және жансыздандырудың өңірлік қағидаларын, үй жануарларын күтіп-бағу және серуендету ережелерін бекітті.

Бұл құжаттар аулаудың адамгершілік тәсілін реттеуге, қаңғыбас жануарларды бейімдеу (қосу) жөніндегі жұмысты жетілдіруге мүмкіндік береді; жануарларға қатыгездік жасағаны үшін әкімшілік ықпал ету шараларын және т.б. қарастырады.

ТУРИСТІК ЖАРНА

Депутаттар Алматы қаласында туристердің келу құнының (бес) пайызы мөлшерінде шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесі бойынша шешім қабылдады және бекітті. Мұндай тәжірибе көптеген жетекші туристік елдерде енгізілген. Туристік жарнадан алынған ақшалай қаражат жергілікті бюджеттен туризмді дамытуға бағытталатын болады.

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

Сессия барысында халықтың өмір сүру жайлылығын арттыру үшін «Алматы қаласында сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану ережелері» бекітілді. Негізгі мақсат – сыртқы жарықтандыру нысандарын күтіп ұстау және пайдалану, көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды оңтайландыру, сондай-ақ бірыңғай жарық тұжырымдамасын жасау.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ қылмыс деңгейін төмендету және қылмыстардың ашылуын арттыру мақсатында «Алматы қаласында меншік иелерінің келісіміне орай азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу ережелерін бекіту туралы» мәслихат шешімінің жобасы әзірленді. Бұл ережелер меншік иелерінің келісімімен Полиция департаментінің Жедел басқару орталығының бірыңғай жүйесіне коммерциялық объектілердің бейнекамераларын қосуға мүмкіндік береді. Байланыс арнасы үшін толық төлемді мемлекеттік орган өз мойны-

на алады. Осының арқасында қалада бейнебақылауды қамту 4 есеге – 128 мың камераға дейін кеңейеді.

АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР
ЖҮЗЕГЕ АСТЫ

Келелі жиында депутаттар қала әкімі мен Алматы қаласы аудандары әкімдерінің халықпен кездесулерінің жылдық күнтізбесін мақұлдады. Мәселен, 2022 жылы шаһар басшысы Ерболат Досаев халықпен жалпы 24 кездесу өткізді. Депутаттар Алматы қаласы Жер комиссиясының құрамын және ол туралы қағидалы бекітті. Құрам жыл сайын келесі он екі күнтізбелік ай өткеннен кейін бекітіледі.

Сессия барысында аудандық және учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамы сайланды. Сондай-ақ, өкілеттік мерзімінен шығып қалғандардың орнына сайлау комиссияларының мүшелерін сайлады. Атап өтерлігі, өткен жылы қалалық мәслихат Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп рекордтық сессиялар өткізді, сондай-ақ өз тарихында қаланың тыныс-тіршілігін реттейтін барынша көп нормативтік-құқықтық актілерді бекітті. Мәселен, тұрақты комиссиялардың 19 сессиясы мен 85 отырысы өтті. Нәтижесінде 106 шешім (оның ішінде 25 нормативтік-құқықтық акт) қабылданды. 5 сессияда бюджетті нақтылау бойынша шешімдер қабылданды.

Мәслихаттың ұсынысы бойынша партиялардың барлық филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелері ашылды. 2022 жылы депутаттар мәслихаттың қоғамдық қабылдау бөлмесінде 31 азаматты қабылдады. Азаматтардың өтініші бойынша және әлеуметтік желілердегі резонанстық жарияланымдар бойынша бейінді мемлекеттік органдар мен аудан әкімдіктерінің өкілдерімен тұрақты комиссиялардың жедел бару тәжірибесі енгізілді. Мәселелер жергілікті жерлерде қаралады және тиісті шаралар қабылданады.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес мәслихат сессияларының ашықтығы мен транспаренттігін арттыру мақсатында сессиялар онлайн режимде өтті және көпшілік назарына ұсынылды.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

«Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘДІЛЕТ САЛТАНАТ ҚҰРЫП КЕЛЕДІ

Қазақ елі жаңа белеске шықты. Болашақ істерді бағамдауда. Кем-кетікті түзеп, оң-солды қарап, өткен-кеткенді байыптаудамыз. Алда атқарар іс көп. Күрмеуін шешетін дүниелер баршылық. Осының бір парасы орындалып та жатыр.



Дана халқымыз қашанда өзінің өткені мен бүгініне зер салған. Келешегінің кемел болуы үшін тірлік қылған. Елдік, ұлттық мүдде төңірегіне ұйысқан. Әр уақытта бірлік пен берекеге мығым болған. Соның арқасында ұлан-ғайыр атырап, сан ғасырлық тарих, рухани сана, салт-дәстүр, мемлекеттілік үлгісі және т.б. құндылықтарды мұра ретінде қалдырған. Осындай бай жәдігерлерді бүгінгі ұрпақ білуі тиіс. Кей-кейде үлкендер жағы да көп дүниенің мәйегін аңғармай қалып жатады. Бұған кеңестік кезеңнің тас-түйін бұғауы кедергі болды. Ал салдарының салқыны әліге дейін тиіп жатыр. Осындай олқылықтың орнын толтыру қажет. Осы ретте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Асылы ОСМАННЫҢ ой-пікірін білген едік.

ҚАЗАҒЫМ БАРДА – МЕН БАРМЫН

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әділетті Қазақстан» бастамасын көтерді. Соған байланысты өмірдің әр саласында жаңарту, өзгеріс, тың бастаманы жасауда. Онысын қолдаймыз. Бәріміз бір үйдің баласындай, тонның ішкі бауындай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып ұйысуымыз қажет. Сырттан да, іштен де ниеті өзгелер аңдып отыр. Қалтарыста, кате қадам қылсақ, қылғытуға әзір. Мейлінше ортақ үйіміз Қазақстанды өркендетудің айқын даңғылын сала берейік. Бір сәт аялдауға негіз жоқ. Заман бір орнында тұрмайды. Алпауыттардың артында емес, алдында көш бастағанымыз жөн. Өзге жұрт бізге қарап бой түзесін. Жүріп өткен жолымызды тәжірибе ретінде көрсін. Жаһанның дамыған державаларымен иық тірестіретін дәрежеге жетейік. Сонда абыройымыз асқақтай түседі. Сол себепті де, алда атқарар істерге байыптылық, сабырлылық, қағілездік керек деп санаймын.

Әділет – әр адамның жүрегінде. Оның өлшемі бір. Мазмұны ұқсас. Айтар ойы анық. Қыңырға ұнамауы мүмкін.

Алайда, жақсының жүрегінен орын алады. Сондықтан заманның лебіне ергенше, әділ жолды іздеген абзал. Ол үшін жер мен көкті шарламайық. Әрбіріміз адалдық мен шындықтың жүзін жарқыратқанымыз дұрыс.

Кейде бәрі тез болмады деген ойлар болады. Алпауыт АҚШ, Жапония, Сингапурдай болуға ынтықпыз. Сондай болмақ үшін қажыр-қайрат қажет. Үйренетін істер жетерлік. Озық технологияны игермек керек. Ғаламдық жаңалықтардың қажеттісін алып, болмашысына бас қатырудың керегі шамалы. Бәрі әпсәтте бола қалмайды. Бұған берекеді тірлік қажет-ақ. Өзгенің тұнығына қызығып, өзіміздің өзенді лайлау – жат қылық.

Соңғы кездері әділет сөзінің құны артты. Мұның мағынасын терең сезінудеміз. Одан әрі сезіне түспек үшін іске көшейік.

БЕЙБІТШІЛІК МЕКЕНІ

Әлемде әртүрлі ел бар. Біреуі бірлікке мығым. Ұлттық мүддені басты қағида тұтады. Сол жолдан еш айнымайды. Өздерінің саясатының негізгі бағытын халқының өмір сүру дағдысына бұрады. Соған лайықты іс қылады. Ұрпағын да ұлтшыл, намысшыл, адал қылып өсіреді. Сырттай қарап тамсанасыз. Кейде таңырқап, жақсы жақтарын үлгі еткізіс келеді. Осы аталғандарға керісіншелер де бар. Үнемі берекесіздік орнаған. Елінде тыныштық жоқ. Қит етсе, қипақтауға дайын. Осылай өлместің қамымен күн кешеді. Ондайлардың болашағы бұлыңғыр.

Қазақ топырағының қастерлі екенін айтудан танбаймыз. Әрқашан жүрген-тұрған ортамызда айтып келеміз. Қанша ұлт пен ұлысты бауырына басты. Тыныштық пен толеранттылықты сақтап тұр. Баршамыз бір шаңырақ астындамыз. Мамыражай күн кешудеміз. Ешкімді алалап, бетінен қағып жатқан ешкім жоқ. Әркім өз саласында қолынан келген шаруасын жасауда. Бала-шағасын бағып, ертеңгі күні жарық болуы үшін



тырысуда. Аспанда құстарымыз қам-қатерсіз ұшуда. Жаратқан бізді осы бір асыл құндылығымыздан айырмағай!

Өлгінде бейбітшілік мекені деген асыл сөзді арнайы айтып өттік. Осы биікті сақтау керек. Бір-бірімізге деген сыйластық, құрмет арта берсін. Қай салада жүрсек те, бейбіт заманның қадірін сезінейік. Қырықпышақ болып, қырқысып, әр нәрсеге таласудың реті жоқ. Осы бейбітшіліктің қадіріне не жетсін!

ЖАСТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАСАЙЫҚ

Жастарға жағдай керек деп көп айтамыз. Жағдай жасалып та жатыр. Алайда, еңбек етпей іс өнбейді. Өзіміздің жас уақытымыздан аз-кем айтайық. Үлкендердің тілін алдық. Қой-ешкіні бақтық. Сиырды саудық. Жылқыны баптадық. Үй шаруасына тыңғылықты қарадық. Әкеміздің бір жағында жүрдік. Алыстан су әкелдік. Қысқа отын дайындадық. Әйтеуір бар шаруаға шама-шарқымыз келгенше араластық. Енжарлыққа бой алдырмадық. Содан түбінде жаман болмадық.

Осы күнгі ахуал біздікінен өзгерек. Заман басқа. Ауылдан келген жас қалада тірлік қыламын деп титықтайды. Әр жерде істейді. Тиынын теңгеге жеткізуді армандайды. Өзінің алға қойған мақсатына жетуді мақсұт тұтады. Міне, көрдіңіз бе? Қандай тынымсыздық! Осының арқасында қаракөздеріміз өз болашағын айқындау үстінде. Тағдырдың тар жолынан таймай, күн көруде. Бұл жағы көңілді қуантады.

Кейде бәрін біреу істеп беретіндей көреміз. Қай дәуірде болсын, мұндай бақ орнамаған. Әркім қара басының қамын өзі күйттеген. Қолы қимылдағанның қарны тоқ болған. Бір бас түлікті екі еселеу әркімнің өзіне тікелей қатысты.

Қанша дегенмен, жалғыз адам барлығын өндіріп тастай алмайды. Үкімет те жастарға қолдауды арттыру қажет. Мейлінше, пәтер беруді ұлғайтқаны абзал. Оны да бұрынғыдай тегін бермесі анық. Сондықтан баспанамен қамтуды жеделдетейік. Ат төбеліндей ғана халықты үй-жаймен қамту аса қиынға соқпас. Жерінің асты мен үсті молшылықта болған жұрттың жағдайы шырқап тұруы тиіс. Ата-бабаларымыз қолынан келген жақсылығын жасауға тырысты. Ұлан-ғайыр атырапты аманаттады. Ендігі кезекте бір шоғыр топ байлыққа, қалғаны батпаққа батып жүргенінің несі жақсы?! Қарап тұрсаңыз, осыны шешудің сан түрлі жолы бар. Бастысы, басты істету қажет. Сонда ахуалымыз оңала бермек.

АДАЛДЫҚТАН АТТАМА

Осы сырт жаққа көп қызығамыз. Өзім де арасында мысалдаймын. Бірақ мемлекет ісі – ұлы іс. Осыны ұмытпауық. Өйткені, халық бәрінен биік. Елге қиянат жасауға болмайды. Елді жеп, өз

қарнын күйттеген оңбайды. Мұндай қылық әдетке айналады. Қазақта «дәнік-кеннен құныққан жаман» дейді. Осы сөздің астары терең. Өз кезеңінде Төле би бабамыз әділдік туын жықпапты. Хан мен қараға тең қарапты. Туралығын дәл айтыпты. Кісінің көңілін қалдырмапты. Мұны текке айтпадық. Біздің бүгінгі заманымызға осындай тұлға керек.

Уақыт өтіп жатыр. Барлық салада өзгеріс, сең байқалады. Мемлекеттік қызметкердің статусын көтеру керек. Ол отаншыл азамат болсын. Мінезге бай болғаны абзал. Ең бастысы, адалдық қажет. Адалдық пен әділдік егіз ұғым. Осыған берік болайық.

ҮЛКЕНДЕР КІШІГЕ ҮЛГІ БОЛУЫ КЕРЕК

Қазір интернет билеген заман. Бәрін ғаламтор шешеді. Біреуді мақтасаңыз да, даттасаңыз да сонда саламыз. Әрі қарай жұрт пікірін жазады. Бүгінгі адамның имиджін ғаламтор қалыптастырып отыр. Сондықтан баламызды да, данамызды да ренжітпейік.

Үлкендер жастарға үлгі болуы керек. Ақыл-кеңесті айтып қана қоймай, ісімен де үлгі болсын. Зиялы қауым зиянды әдеттен алшақ жүргені абзал. Ендігі қалған өмірді абыроймен өткізгенге не жетсін! Өйткені, біз таудан түсіп келе жатқан адамдармыз. Ал жастарға бағыт қажет. Үлгі-өнеге көрсетіп, жол сілтейтіндер болғаны жөн. Бәріміз әр нәрсеге бас шұлғи берсек, неміз қалмақ. Басшылар келеді де кетеді. Халық қалады. Қазақтың бойындағы адами асыл қасиеттерді сақтай білуіміз керек. Ең әуелі ақын-жазушыларымыз үлгі бола білуі керек-ақ. Егер біле-білген жанға идеологияға тікелей жауапты – ол елдің тұлғалары. Бәріміз құлқынның соңына түсіп алдық. Ақша қажет-ақ. Бұлай кете берсек, роботқа айналамыз. Бір-бірімізге жылу болмайды. Артынан сыйластық жойылады. Идеология – бағдаршам. Қазақ өлімнен басқаның бәрі тез болғаны дұрыс дейді. Сондықтан үлкендер, ата-ана, аға-бауыр кішілерге ізет білдіруден, оларды үлкен өмірге тәрбиелеуден шаршамаса екен.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

● ТҮЙІН:

Біздің Қазақ топырағынан өзге Отанымыз жоқ. Сыртқа бара қалсақ, қонақпыз. Одан ары асып, төріне көтеріле алмаймыз. Ешкім бізге төрін бермейді. Осы Отанды көркейту рухты адамдардың қолында. Елді тонамай, қайта өркендетудің жолын қарастырайық. Сонда ғана күніміз жарық болады хәм айымыз оңынан туады.



ТАҒЫМ

АНАТОЛИЙ БУКРЕЕВ

ғаламшардағы биіктігі сегіз мың метрден асатын он бір шыңға
18 рет көтерілген, әлемнің ең мықты альпинистерінің бірі



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ақтоқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Медеу шатқалында көрнекті қазақстандық альпинист Анатолий Букреев мүсінінің салтанатты ашылуы өтті. Салтанатты рәсімге Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, мүсінші Нұрлан Далбай, альпинизмнен Қазақстан құрамасының бас жаттықтырушысы, тәлімгер және А.Букреевтің досы Ерванд Ильинский, журналист және аты аңызға айналған альпинистің күнделіктеріне негізделген Букреев туралы «Над облаками» кітабының авторы Галина Муленкова және тағы басқалар қатысты.

МЕРЕЙТОЙ

КАРИКАТУРА КОРОЛІ

Алматыдағы Мемлекеттік Орталық музейде танымал карикатура шебері Еркін Нұразханның «Карикатура тарланы» атты көрмесі ашылды.

1982 жылдан бері әдебиет, өнер, қоғам қайраткерлерінің әзіл портреттері галереясын жасап келеді. Ол еліміз тәуелсіздік алған жылдар ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси өміріміздегі келеңсіз құбылыстарды сынға алған сатиралық суреттер топтамасын дүниеге әкелді. Сондай-ақ, ол оқырмандарға өзекті мәселелерді көтерген мақалалары және деректі дүниелерімен танылған қаламгер.

Суретші барған тақырыптары әр алуан, бейнелеген кейіпкерлері сан қырлы мінез-құлықты болса, сурет салудағы техникасы тым қарапайым. Қағаз, қаламұш, тушь, акварель бояуы, гелді қалам, түрлі-түсті қарындаштар. Карикатурашыны шығармашылыққа жетелеген де – өмірдің өзі.

«Бүгінгі ақпарат заманында карикатура өнері қоғамға ауадай қажет. Карикатура, сатира, шарж жанрындағы суреттер тілді қажет етпейді. Кенже қалған өнерді қолға алып, көрме өткізіп жатқан жерлерімізге сәттілік тілеймін», – дейді карикатурашы Еркін Нұразхан.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Бүгінде 70-ке келген суретшінің ерекше қолтаңбасы тек көркемдік салада ғана емес, ақын-жазушылар, ғалымдар мен саясаткерлер арасында жақсы таныс. Себебі, оның шығармаларынан кез келген қоғам қайраткері өзінің әзілмен астарланған бейнесін көре алады.

Суретшінің алғашқы картиналары «Қазақ әдебиеті» газетінде «Әпенді әзілдері» айдарымен жарыққа шыққан. Уақыт өте келе суретшінің қоржыны қоғамдағы кемшіліктерді арқау еткен, күнгейі мен көлеңкесін ашқан тақырыптық карикатуралармен толығады. «Күлкінің артында мазақ емес – мазасыздану, жазғыру емес – жан ашу жатқанын түсінеді деп ойлаймын», – дейді суретші.

Мүсіннің авторы – Нұрлан Далбай. Ол Анатолий Букреевті күзға шығар алдында сәл демалып тұрған кейпінде бейнелеген. Альпинистің қолы мұз шапқышқа тиіп тұр. Мүсін Нұрлан Смағұлов қорының бастамасымен және қолдауымен орнатылды.

«Біздің жадымызда Анатолий Букреев аңыз адам болып мәңгі сақталады. Өзінің соңынан жас тәлімгерлерді дайындады. Елімізде альпинизмді дамытып, әлемге халқымыздың атын шығаруға үлкен септігін тигізді. Ол кісіні кәсіби альпинисттер тау әуесқойларына қадірлеп, құрметпен еске алады. Ол ғаламшардағы биіктігі сегіз мың метрден асатын он бір шыңға 18 рет көтерілген, әлемнің ең мықты альпинистерінің бірі», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

Ескерткіш Нұрлан Смағұлов қоры қала тұрғындарына сыйға тартқан үшінші мүсін. Меценаттың жоспары бойынша қаламызда көрнекті тұлғалардың мүсіндері көптеп қойылуы қажет.

«Анатолий Букреев өз өмірінің тең жартысын спортқа арнаған. Ол альпинизммен айналыса бастағанда Алматыға келіп, жаттығуды бастап кетті. Қазақстан құрама командасында болғанда өзінің ептілігін, шеберлігін көрсетті. Осылайша қазақ балаларының қысқы спорт түріне деген қызығушылығын оятты», – дейді КСРО спорт шебері, КСРО және ҚазКСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ерванд Ильинский.

2023 жылдың 16 қаңтарында Букреев 65 жасқа толар еді. Анатолий Николаевич – альпинист, еңбек сіңірген спорт шебері, «Қар барысы» атағының иегері, сегіз мыңдық планетаның 14 тауының 11-ін және төрт рет Эвересті бағындырған. Оның Эверестке көтерілуінің бірі Балтазар Кормакурдың «Эверест» голливудтық фильмінің негізі болды. Анатолий Букреев – «Ерлігі үшін» орденінің иегері (1989), өз өміріне қауіп төніп тұрса да, тауда адамдарды құтқарған альпинистерге берілетін американдық альпинизм клубының ең жоғары наградасы – Дэвид Соулс медалінің иегері (1997), қайтыс болғаннан кейін «Ерлігі үшін» қазақстандық медальмен марапатталды (1998).

Өйткені, күлдіре отырып, ой салу – карикатура өнерінің басты мақсаты.

«Менің шығармашылығым 40 жыл болыпты. 1982 жылы «Қазақ әдебиетінен» бастап жариялай бастадым. Сонда мынау өзіміздің жазушылар, өнер қайраткерлері, ғылым қайраткерлерінің әзіл суреттерін сала бастадым. Сол кездегі бас редактор Шерхан Мұртаза ерекше назар аударып, қолдап, апта сайын салып тұруымды талап етті. Біртіндеп суреттер жиналды», – дейді ҚР мәдениет қайраткері, карикатурашы-суретші Еркін Нұразхан.

«Карикатура тарланы» көрмесі көрерменін шыншыл да айқын сырларға толы дүниетанымымен табыстырады. Тәуелсіздік алған еліміздің дамуына кедергі келтіретін кертартпа күштерді келекелеп көз алдымызға әкеледі. Біздерді бейкам да немқұрайлы жүрмей, еліміз бен жеріміз үшін белсенді күрескер болуға шақырады. «Өзіне өзі күле білген халық – ұлы халық» деп француздар айтқандай, күле білудің бір жолы осы карикатуралық туындылар. Карикатура – ашы айтылған сын. Дегенмен, Еркін Ибрагимұлы ашы шындықты астарлап, туындыларында образдар арқылы ой тудырып, болмысымыздың күнгейі мен көлеңкесін көрсете білген. «Күлкінің ар жағында мазақ емес – мазасыздану, жазғыру емес – жан ашу жатқанын жүрт түсіне деймін. Құлағанды тұрғызу, қирағанды бүтіндеу, жылағанды жұбату, керенауды ояту, мұңайғанды езу тартқызу – сатиралық суреттердің абзал борышы болып қала бермек», – дейді суретші.

Музей қорына 500-ден астам еңбектерін сыйға тартқан суретшінің 200-ден астам туындысы көрмеден орын алды.

Көрме 2023 жылдың 31 қаңтарына дейін жұмыс істейді.

Ақтоқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



Пияз экспорты тоқтады

Досбол
АТАЖАН

Ведомствоаралық комиссия Қазақстанның пияз экспортын тоқтатты. Бұл туралы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлады.

«Сыртқы сауда саясаты және экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия пияз экспортына 3 ай мерзімге тыйым салу туралы шешім қабылдады. Бұл пияздың Қазақстаннан жаппай шығарылуын болдырмау және оның бағасын тұрақтандыру үшін жасалды», – деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі.

Азия мен әлемдегі ең ірі пияз өндірушілердің бірі – Пәкістандағы табиғи апаттармен байланысты үшінші елдердің қазақстандық пиязға сұранысы артып отыр. Бұл елдегі су тасқыны әлемде, оның ішінде біздің елдің нарығында пияз бағасының өсуіне әкелді. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде, сондай-ақ Өзбекстанда өнімнің қатты аязда үсіп кетуі оның құнына қосымша салмақ болды. Осылайша пияздың негізгі өндірушілері енді қазақстандық өнімді белсенді түрде импорттап жатыр.

Сонымен қатар, Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2022 жылғы елдегі пияздың өнімі 1,1 миллион тоннаны құрады. Бұл ретте қазақстандықтар жыл сайын бұл көлемнен 3 есе аз, орташа есеппен алғанда 315 мың тонна тұтынады.

Әкімдіктердің деректеріне сәйкес бүгінгі күні елімізде пияздың расталған қоры 152,4 мың тоннаны құрайды, бұл өткен жылғы егіннің жалпы көлемінің 14%-ы ғана. Бұл көлем жаңа өнім жиналғанға дейін жеткілікті, сондықтан экспортқа енгізілген шектеулер Қазақстаннан қалған пиязды әкету тәуекелдерін болдырмайды.

Республикада пияздың көтерме бағада бір келісі 150–170 теңгені құраса, ал көршілес Ресей мен Өзбекстанда баға 240 теңге көлемінде тұрады. Сондай-ақ, Qaztrade мәліметтері бойынша, Өзбекстан мен Тәжікстан өз елдерінде пияз экспортына шектеу қойған болатын.

«Үкімет жақын арада нарықтық жағдайды жақсарту кезінде барлық шектеулерді уақытылы алып тастау үшін елдегі және әлемдегі жағдайды мұқият қадағалайды. Фермерлер үшін пияз экспортына тыйым салудың жағымсыз салдарын азайту үшін бүгінгі күні ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден пиязды ӘКК арқылы тұрақтандыру қорларына, сондай-ақ сауда желілері арқылы айналым схемасы арқылы сатып алудың әртүрлі тетіктері іске асырылып жатыр», – деді АШМ баспасөз қызметі.

ЕҢБЕК АДАМЫ

«Оңайды» тексеру оңай емес...

Соңғы күндері күн суып кетті. Далаға шыға салып қайтадан жылы орынға кіруге асығамыз. Мен де кешке қарай үйге асығып, аялдамада өз автобусымды күтіп тұрғанмын. Сол сәтте еріксіз қасымда тұрған кісілердің әңгімесін естіп қалдым. Олардың бірі сары кеудеше киген «Оңай» тексерушісі болса, екіншісі өзім секілді қоғамдық көлікті күтіп тұрған ақсақал екен.

– Ой, қызым, мынандай суықта әрі-бері жүріп тоңып қалмадың ба?

– Жоқ, ата. Қайта бойым қызып тұр. Жаңа жолақысын төлемеген бір-екі адамды ұстап алдым. Олар автобустан түсе салып маған ұмтылды, содан бір төбелесіп алдым. Мына

кеудешемді жыртқандары болмаса, көңіл күйім жақсы, – деп «Оңай» қызметкері мырса етті. Ол ақсақал сұрағына әзіл қоса, күліп жауап бергенімен, дауысындағы дірілден іштегі ашу-ызасы байқалды.

– Бұларды адамдық болмапты. Полицияға айтпадың ба? – деді ата.

– Оның әңгімесі ұзақ. Құдайдың алдында жауап береді, білем. Әрі жұмыс күнім де біткен жоқ, – деп сары кеудеше киген әйел әңгімесін аяқтамай келесі автобуска мініп кетті.

Иә, осы секілді «Оңай» тексерушілерін ұнатпай, оларға жекіріп сөйлеп не жаға ұстасып қалғанын бұрынғылар да байқайтынмын. Бірақ осы жолы естігенім маған қатты әсер

етті. Құрметті оқырмандарымызды, Алматы тұрғындары мен қонақтарын «Оңай» қызметкерлерінің жұмысына түсіністікпен қарауға шақырамыз. Лық толы автобуста қысылып тұрғанда қайта-қайта картанды шығарып, тексере берген кімге де болсын ұнамас. Кейде бір қызметкер жолақысын тексеріп болғанда, келесі аялдамада өзге «Оңай» қызметкері кіріп келеді. Бірақ мұндай жағдайда эмоцияға ерік беріп, өз міндетін адал атқарып жүрген адамға жөн-жосықсыз ұрсудың қажеті жоқ. Егер белгілі бір қоғамдық көлік тым жиі, ал енді бірі мүлдем тексерілмейтіндей жағдайды байқасаңыз, ыстық-суықта далада жүрген еңбек адамына емес, сол адамды жалдап отырған мекемеге шағымданғаныңыз жөн. Әділетті Қазақстанның орнауы, әділетті қоғамның құрылуы тек билік тарапынан жасалған өзгерістерге ғана байланысты емес. Біз өз ісімізге адал, өзге отандастарымызға мейірімді болған кезде ғана шынайы адал да әділ қоғам орнайды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ӘДІЛДІК ӨЛШЕМІ

Қазақстан қылмыстық сот төрелігінің деңгейі рейтингісінде 140 елдің ішінде 62-орынға ие болды

Қазақ халқы «Соттан әділдік кетсе, халықтан береке кетеді» деп сот төрелігінің маңызын жоғары бағалаған. Тәуелсіздік алғалы елімізде сот жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізіліп келеді.



2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қылмыстық сот төрелігінің деңгейі рейтингісінде 140 елдің ішінде 62-орынға ие болды. Елдегі қылмыстық құқықбұзушылықтардың төрттен үш бөлігі меншікке қарсы құқықбұзушылыққа тиесілі. Сот төрелігінің деңгейінің индексі – 0,47. Рейтингке қатысушы барлық ТМД елдері арасындағы ең жақсы көрсеткіш болып тұр.

Елімізде былтыр қаңтар–қараша айларының қорытындысы бойынша 149,4 мың қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді. Бір жыл бұрынғы сәйкес кезеңмен бірдей. Оның 63,6 мыңы орташа ауырлықтағы, 41,4 мыңы

– ауыр, 21,9 мыңы – ауыр емес, 2,1 мыңы – аса ауыр дәрежедегі жағдай. Тағы 20,4 мың іс теріс қылықпен байланысты.

Барлық қылмыстық құқықбұзушылықтың басым бөлігі меншікке қарсы құқықбұзушылықтар саласында тіркелді: ҚР-да тіркелген қылмыстық құқықбұзушылықтың 76,5%-ы немесе 114,3 мың іс (бір жылда 3,1% көбейген). Одан кейін ең көп жасалған қылмыс жеке тұлғаға қарсы қылмыстар (7 мың жағдай – бір жыл бұрынғыдан 12,2% аз) және халықтың денсаулығына зиян келтірген қылмыстар (6,7 мың жағдай, бір жылда 8,6% азайған).

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ ШАРАСЫ

Шаһарда тұрғынға қарулы шабуыл жасап, 2,5 млн теңгені иемденіп алған күдіктілер ұсталды.



«Қылмыс Саин мен Ұлықбек көшелерінің қиылысына жақын жерде орын алған. Түнгі сағат он бірлер шамасында бес жас жігіт өтіп бара жатқан адамға шабуыл жасаған. Тонаушылар ер адамды пышақпен қорқытып, жәбірленушінің телефонын тартып алған және мобильді банкінг арқылы жалған есепшотқа 2,5 млн теңге аударуға мәжбүрлеген. Жедел іздестіру іс-шаралары барысында күдіктілердің жеке басы анықталды. Олар ұсталды. Бұл – Алматы облысының 2000, 2001 және 2003 жылы туған тұрғындары. Қалада жастар жалдамалы пәтерде тұрды, еш жерде жұмыс істемеген. Қазіргі

уақытта күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалды. Олардың әрекеттері ҚР ҚК-нің 192-бабы 3-бөлігі бойынша сараланды», – деп хабарлады Әуезов аудандық Полиция басқармасының басшысы Ұлан Әбілқайыр.

ҮКІМ

Алматы қаласы Бостандық ауданының №2 аудандық сотында азаптау фактісі бойынша полиция қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс қаралды.

Сот өткен жылдың қаңтар айындағы жаппай тәртіпсіздіктер кезінде автокөлікті заңсыз иемденді деген күдіктінің полиция бөлімшесіне жеткізілгенін анықтады. Онда 2 полиция қызметкері күдіктіні тәртіпсіздіктерге қатысты деп есептеп, зардап шеккен әріптестері үшін кек аламыз деген мақсатпен оған физикалық қысым көрсетіп, күш қолданып, азаптаған. Сотта хабарлағандай, аталмыш әрекеттер үшін қылмыстық кодексте белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыра отырып, 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған.

3 полиция қызметкері қылмыстық құқықбұзушылық жасағанын басшылықтан жасырған. Қылмыстық кодексте құқық



ПОЛИЦИЯ

Алматы полицейлері есірткі қойып кетушілерді ұстады. «Патрульдік экипаж «Кемел» шағынауданында екі күдікті жас жігітті байқап қалған. Жеке тінту кезінде олардың бірінен өсімдік тектес, жасыл түсті, ерекше иісі бар зат табылды.



40 БУМА МАРИХУАНА ТӘРКІЛЕДІ

– Ұсталғандар – 2002 жылы туған К. есімді және 1999 жылғы Ж. есімді азаматтар. Олар тауарды сату үшін алып, тұрғын үй аумағында бетбелгілер жасағанын айтты. Интернет арқылы олар «жұмыс берушіге» жасалған жұмысы туралы баяндап, суреті мен геолокациясы бар мекенжайды жіберіп отырған», – дейді

Жетісу аудандық Полиция басқармасының басшысы Жәнібек Шынасылов.

Аталған дерек бойынша ҚР ҚК-нің 297-бабына сәйкес, қылмыстық іс тіркелді. Жедел қызметкерлер есірткінің сатылу тізбегін және жеткізу арнасын қадағалауы керек. Тергеу барысында ұсталғандар уақытша ұстау изоляторына қамалды.

АНТИКОР

ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТІЛЕРІ КӨП

Экология саласындағы жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау басталды

Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі экология саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ауқымды жұмысты бастады.

тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілмек.

«Сондай-ақ, талдау барысында: персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызметтер көрсету, рұқсат беру функцияларын орындау, бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау объектісінің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер қамтылатын болады», – деп хабарлады Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінен.

Азаматтардың пікірлері мен ұсыныстарын алу almatyanticorruption@mail.ru электрондық поштасы мен 8 776 005 57 32 WhatsApp нөмірі арқылы қабылданады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тұрғындардан экология саласындағы заңбұзушылықтардың нақты фактілері бойынша жоғарыда көрсетілген байланыс арналары бойынша хабарласуын сұрайды.

Айта кететін жайт, былтыр қаланың экологиялық жағдайын жақсарту бойынша мәселелерді жедел шешу мақсатында жұмыс тобы құрылып, Telegram мессенджерінде экология саласындағы ұсыныстар мен шағымдармен алмасу үшін «Almaty&Ecology» чаты ашылған болатын.

ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ
Алматыда күдіктіні азаптаған үш полицейге сот үкімі шықты

қорғау органының қызметкері бола отырып, қызметте әрекетсіздік жасағаны үшін 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

«Сот үкімімен 2 сотталушы Қылмыстық кодекстің 1-тармағының 146-бабы 2-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, 3 жыл мерзімге мемлекеттік қызметте қызмет атқару құқығы шектеле отырып, 3 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Үшінші сотталушы ҚК-нің 370-бабының 2-1-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, мемлекеттік қызметте қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырылды. Сондай-ақ, оған 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалды. Үкім заңды күшіне енген жоқ», – деп хабарлады Алматы қалалық сотының баспасөз қызметінде.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ЖАРЫСЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында тоғызқұмалақтан оқушылар арасында жарыс өтті.

Аманат партиясы Алматы қалалық филиалының ұйымдастыруымен тоғызқұмалақ ұлттық ойынынан Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында Аманат Сур жекелей ашық біріншілігі болды. Ойын қазақтың ұлттық ойындарын қала жастары арасында дәріптеп, рухани белсенділіктерін арттыру мақсатында өткізілді. Шараға Алматы тоғыз-

құмалақ федерациясы және «Алматыкітап» баспасы қолдау білдірді.

«Аманат партиясы ұйымдастырған турнирге Алматының әр ауданынан үздік балалар іріктеліп алынды. Жалпы 40-қа жуық ойыншы қатысты. Турнир ұлдар мен қыздар арасында бөлек 5 айналым бойынша өтті. Жарыс швейцар жүйесіне негізделген, яғни ұпайы жоғары мықтылар өзара кездесіп, бесінші айналымда жеңімпаздар анықталды. Тоғызқұмалақ шахмат секілді рапид, блиц және классикалық болып бөлінеді. Айтылған жарыс рапид бойынша болды, яғни әр ойыншыға 20 минут уақыт берілді», – деді жарыстың бас төрешісі Әлімжан Қыдырбаев.

Сонымен қатар, ол өз сөзінде балалардың тоғызқұмалаққа қызығушылығы артып келе жатқанын да атап өтті:

«Қазір балалардың тоғызқұмалаққа қызығушылығы жоғары. Бұл спорттың бала санасына тигізетін пайдасын ата-аналар да түсініп жатыр. Шахматқа балаларын қалай берсе, тоғызқұмалақ үйірмелеріне де солай қатыстырады. Қазіргі телефонға телмірген заманда тоғызқұмалақтың ми жұмысына тигізетін пайдасын ата-аналар түсініп келе жатыр», – деді ол.

«Менің жасым 13-те. Осымен тоғызқұмалаққа қатысқаным 6 жыл болды. Біздің ұлттық спорт маған тактикалық қадамдардың көп болуымен ұнайды. Шахматтың мақсаты шах және мат қойып, патшаны жеу болса, мұнда қарсыласының барлық құмалағын алып, 82 тас шығаруың керек. Тоғызқұмалақта адамдар шахматтағыдай емес, басқаша ойланады деп айта аламын», – деді жарысқа қатысушы Обылбек Мардан.

Жарыс нәтижесі бойынша ең көп ұпай жинаған Оспан Али ұлдар арасында үздік атанды. Екінші орынға Мейірлан Нұржанұлы жайғасты. Ал қола жүлде Өсербай Жасұлан мен Обылбек Марданға бұйырды. Қыздар арасында Толғанай Сайлаубай алтын жүлде алды. Аяна Абай екінші болса, Жанай Сайдахмет пен Жасмин Базарбай үшінші орыннан көрінді. Турнир жеңімпаздарына құттықтау сертификаттары, ақшалай сыйлық және кітаптар сыйға берілді.

ТАЭКВОНДО



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАС ТАРЛАНДАР БАҚ СЫНАДЫ

Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайында Алматы таэквондо федерациясының ұйымдастырумен халықаралық балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Open Almaty» турнирі өтті.

Екі күнге созылған халықаралық жарысқа үш елден 700-ден астам спортшы қатысты. Турнир 6–17 жас арасындағы балалар мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылды.

– Алматыда пандемиядан кейін таэквондодан ең ауқымды «Open Almaty» турнирі өтті. Жарысқа 6 жасстан бастап, 17 жасқа дейінгі 700-ден астам балалар мен жасөспірімдер қатысты. Жалпы турнирде Қазақстанның барлық өңірлерінің және Қырғызстан мен Өзбекстанның өкілдері бар. Сондай-ақ, турнир аясында кәсіби таэквондодан 3 жекпе-жек өткізілді. Аталмыш жарыс салауатты өмір салтын дәріптеу, бұқаралық спортты дамыту және өскелең ұрпақ арасында патриоттық сезімді ояту мақсатында ұйымдастырылды, – деді Алматы таэквондо федерациясының вице-президенті Бахтияр Баязитов.

ХОККЕЙ

БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР БАРЫН САЛУДА

АҚШ-та өтіп жатқан қысқы Универсиадада жерлестеріміз жақсы нәтиже көрсетуде. Спортшыларымыз әр сайыста жүлдеден үміткер болуда. Соның ішінде хоккейшілеріміздің еңбегі зор. Олар қарсыластарын шетінен ойсыратып келеді.



Қазақстан құрамасы мұз айдынының қожасы екенін дәлелдеуге тырысуда. Қарсыластарын шетінен шаң қаптырып келеді. Олардан жанкүйерлер мен спорт сарапшылары үлкен жеңіс күтіп отыр. АҚШ-тың хоккей құрамасы оңай шағылатын жаңғақ емес. Оның үстіне ол жақта қысқы спорт түрлеріне барынша ден қойылады. Солтүстік Америка құрлығындағы ең мықты команда саналады. Әрдайым Канада құрамасымен иық тірестіріп келеді. Ендігі кезек біздің оғландарымызға келді. Қазақ «Күш атасын танымайды» деген сөз бар. Ғайыптан тайып, сабақты ине сәтімен болып, ұтыс бізге бұйыруын күтудеміз.

Хоккей – көзге көп ілінбейтін спорт түрі. Бұл ұғымды біздің өлшеммен алып қарастырдық. Соған қарамастан, спортшыларымыз дүбірлі додалардың бір-шамасына қатынасып, нәтижеге қол жеткізіп жүр. Шайбалы жарыстардан жетістіктер аз емес. Дейтұрғанмен, осы жолы жаңылуға негіз жоқ. Бұйырса, жеңісті күнді қарсы алармыз. Айта өтейік, әзірге ел құрамасы 12 ұпайды еншіледі. Қазақстан негізгі уақытта төрт рет жеңіске жетіп, үлкен нәтиже көрсетті. Бұған дейін Қазақстан хоккейшілері Оңтүстік Корея (5:1), Венгрия (9:1), Ұлыбритания (15:1) және Словакия (4:0) құрамаларын жеңді.

ТЕННИС

Соңғы кездері үстел теннисінен тәп-тәуір нәтижелер бар. Көз көріп, көңіл тоятын сәттердің куәгері болудамыз. Уақыт өткен сайын аталған сайыстан жаңа есімдер шығып келеді.

ЖҮЛДЕ – БІЗДЕ

Ұлттық Олимпиадалық комитет дерегіне, қазақ спортшысы Айдос Кенжеғұлов Badener AS (Баден) үстел теннисі сайысынан Австрия Кубогының қола медалін жеңіп алды. Ширек финалда команда қазіргі SPG Feibermayr (Вельс) ел чемпионатының көшбасшысынан өтті, ал «төрттіктің финалында» UTTC Sparkasse (Зальцбург) командасынан жеңілді. Соңғы рет Badener AS 2015/2016 маусымында ел чемпионатында қола жүлдені жеңіп алған.

ШАҒҒЫ

ОТАНДАСЫМЫЗ ЕРЛЕДІ

Америка Құрама Штаттарында өтіп жатқан дүбірлі додаға күллі әлем көз тігуде. Қысқы спорт түрлерінен сайыстар қызу өтуде. Осы бір жарыстан ел спортшылары да жарқырай көріне бастады.

Қазақстандық Данил Васильев Лейк-Плэсидте (АҚШ) Универсиада–2023 алтын медалін жеңіп алды. Ол шаңғымен секіруде ең үздік атанды, деп хабарлайды Olympic.kz. Жеңіс оған 257.3 ұпай әкелді. Екінші орынды австриялық Максимилиан Линхер (251.4) иеленді. Тимон Кахофер (Австрия) үздік үштікті аяқтады (248.8). Сондай-ақ, үздік



ондықтан Сергей Ткаченко мен Никита Девяткин көрінген.

Бұған дейін Қазақстаннан келген биатлоншы Вадим Куралес «алтынмен» ерекшеленген болатын. Біздің пайымдауымызша, аталған спорт түрінен бұған дейін де жетістігіміз болған. Алдағы уақытта да жоғары деңгейден түспейді деп ойлаймыз. Сондықтан биік белестен көріне береді деген сенімдеміз.



БОКС

Қарсыластар анықталды

Бокстан 22 жасқа дейінгі жастар арасында Азия чемпионатында қазақстандық ер спортшылардың алғашқы қарсыласы анықталды.

ҚазАқпарат мәліметінше, Құрлықтық дода Тайланд астанасы Бангкок қаласында өткізіліп жатыр. Отандық боксшылар алғашқы жекпе-жегін Қырғызстан, Тайланд, Малайзия, Өзбекстан, Тәжікстан, Камбоджа, Кувейт елінен келген былғары қолғап шеберлерімен өткізеді. Қазақстандық боксшылардың қарсыластары:

48 келі. Санжар Тәшкенбай – Анваржан Ходжиев (Қырғызстан).

51 келі. Даниял Сәбит – Саенгфет Танарат (Тайланд).

54 келі. Нұрсұлтан Алтынбек – Ахмед Шахаром Мухаммед Имдад (Малайзия).

57 келі. Махмуд Сабырхан – Мирзабек Мирзахалилов (Өзбекстан).

60 келі. Талғат Сырымбетов – Ян Мин (Қытай) / Абулбақ Муродзода (Тәжікстан).

63,5 келі. Мухаммедсабыр Базарбайұлы – Рокспиджит Суфароек (Тайланд).

67 келі. Абзал Серік – Пенх Вантхунг (Камбоджа).

71 келі. Сабыржан Аққалыков – Сальман Аль-Шамари (Кувейт).

75 келі. Диас Молжігітов – Даниэль Абдрахманов (Қырғызстан).

80 келі. Ерасыл Жакпеков – Бекбол Мурсабеков (Қырғызстан).

86 келі. Сағындық Тоғамбай – Шохжахон Абдуллаев (Өзбекстан).

92 келі. Ерхат Бекзат – Нусратбек Тохиров (Өзбекстан) / Асхан Резибек (Қытай).

92 келіден жоғары. Аманат Сабырғали – Асадбек Маннонов (Тәжікстан) / Джахонгир Зокиров (Өзбекстан).

**Бетті әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**



АЛМАТЫ КӨШЕЛЕРІ

ҰРПАҚТЫҢ ЖАДЫН ЖАҢҒЫРТАДЫ

Алматы көшелерінің атауы туралы газетімізде дәстүрлі түрде шығып тұратын айдардың жаңа топтамасын назарларыңызға ұсынамыз



**Тәттімбет
ҚАЗАНҒАПУЛЫ**

Ұзындығы 4100 метрді құрайтын Медеу ауданындағы көшеге қазақтың күйші-композиторы, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық күй өнерінің классигі – Тәттімбет Қазанғапұлының аты берілген. Бұрын Горная немесе Садовая деп аталған.

Тарихи тұлға 1815 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Тәттімбет дәулетті әулеттен шыққан. Батыс–Сібір генерал-губернаторы, генерал-майор Фон Фридрихс қазақ күйшісі туралы арнайы жинаған мәліметінде: «Тәттімбет – ақсүйектер әулетінен, бірақ көпестер гильдасына тіркелмеген. Қарқаралы округіндегі Нұрбике–Шаншар болысында 1842 жылдың 20 қаңтарынан 1845 жылдың 25 қаңтарына дейін болыс болды» деп жазған.



Әнуарбек ҮМБЕТБАЕВ

Мегаполистің Алмалы және Бостандық аудандарымен өтетін көше аты қазақ опера әншісі, Қазақ КСР халық әртісі Әнуарбек Бейсембайұлы Үмбетбаевтың құрметіне қойылған.

Қазақ КСР халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Әнуарбек Үмбетбаев 1914 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1949–1951 жылдары бүгінгі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында білім алған. 1937 жылы Қазақтың опера және балет театры жанындағы 2 жылдық студияны бітіргеннен кейін, сол театрда қызмет етті. Ә. Үмбетбаев өз өнерімен қазақтың ұлттық опера жанрының өсіп дамуына белсене атсалысты.

Ол 40-қа жуық музыкалық образдар жасаған. Мысалы, М.Төлебаевтың «Біржан–Сарасында» – Біржан, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсында – Айдар, «Төлеген Тоқтаровында» – Төлеген, Е.Брусиловскийдің «Ер Тарғынында» – Тарғын, «Жалбырда» – Қайрақбай, «Дударайда» Думан партияларын орындаған.



Саян ШАЙМЕРДЕНОВ

Хоккейші, көгалдағы хоккейден халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы – Саян Шаймерденовке бүгінде Әуезов ауданындағы көше аты берілген.

С.Шаймерденов 1953 жылы 27 қараша күні Алматы қаласында, ҚР халық жазушысы Сафуан Шаймерденовтің отбасында дүниеге келген. 1975 жылы бұрынғы Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі институтын (Қазақтың спорт және туризм академиясы) бітірген. 1969 жылдан бері, яғни Қазақстанда көгалдағы хоккей пайда болған сәттен бастап спорттың осы түрімен айналыса бастайды. 1971 жылы алматылық «Динамо» командасының құрамында жасөспірімдер арасындағы КСРО чемпионының алтын медалін жеңіп алады. Бұл жеңіс халықаралық дәрежедегі спорт шеберінің алдағы алар марапаттарының бастауы болды.

Жалпы, спорттық мансабында Саян Шаймерденов көгалдағы хоккейден он дүркін КСРО чемпионы атанған, әрі алты жыл «Динамо» командасының капитаны болған. Сондай-ақ, ол – Еуропа біріншілігінің жеңімпазы, Әлем кубогының қола жүлдегері. Даңқты спортшы 1982 жылдың соңында бапкерлік жұмысқа ауысып, көгалдағы хоккейден қыздар құрама командасының бас бапкері және республикалық көгалдағы хоккей федерациясының президенті болған.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР

Биыл көп салада жалақы өсіп жатыр, зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерінде, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төленетін жарналар мен аударымдар мөлшерінде де өзгерістер бар. Сондай-ақ, Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне де осы қаңтардан бастап өзгерістер енгізілді.



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейін жүзеге асыратын тетік.

– Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілердің өз жұмыскерлері үшін, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың өздері үшін ең төменгі бір жалақыдан кем емес және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын табыстың 3,5% мөлшерінде төленетін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптасады.

2023 жылдан бастап ең төменгі жалақының 70 мың теңгеге дейін артатынын ескере отырып, биылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік аударымдардың ең төменгі мөлшері айына 2 450 теңгені (3,5%*70 000 теңге), ал ең жоғары мөлшері 17 150 теңгені (3,5%*7*70 000 теңге) құрайтын болады. Әлеуметтік аударымдардың уақытылы түсуі әлеуметтік тәуекелдердің 5 түрі – еңбек ету

БӘРІ АДАМ ИГІЛІГІ ҮШІН

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне өзгерістер енгізілді

қабілетінен айырылуы, асыраушысынан айырылуы, жұмысынан айырылуы, жүктілікке және босануға, сондай-ақ бала күтіміне байланысты кірісінен айырылуы кезінде азаматтарға әлеуметтік төлемдер алуы қамтамасыз етеді, – дейді «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Ләззат Сағынбекова.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдердің 2 түрінің параметрлері өзгертілетін болады. Бірінші, жұмысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем, ол жүйеге қатысушыға жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап еңбек өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалады. Әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар жүргізілген жүйеге қатысушының соңғы 2 жылдағы орташа айлық кірісіне, жүйеге қатысу өтіліне және кірісті ауыстыру коэффициентіне байланысты болады. Келесі жылдан бастап кірісті ауыстыру коэффициенті 45%-ға дейін артады, бұл әлеуметтік төлем мөлшерінің орта есеппен 13%-ға өсуіне әкеледі. Айта кету керек, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға нақты төлем алушыларға 45% коэффициенті қолданыла отырып, біржолғы қайта есептеу автоматты түрде жүргізілетін болады. Алматы қаласы бойынша 2080 алушыға төлем мөлшері ұлғайтылды.

Екінші, бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем бүгінде бала 1 жасқа толғанға дейін тағайындалатын болса, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап төлем ұзақтығы 1,5 жасқа



дейін ұзартылады. Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жылда әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40%-ын құрайды.

2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша балалары 2022 жылы туған нақты алушыларға төлем автоматты түрде ұзартылатын болады. Алматы қаласы бойынша 25 365 алушыға төлем мерзімі 1,5 жасқа дейін ұзартылды.

Сонымен қатар, атап өтетін жағдай жұмыскер үшін әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда базалық мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша қордан ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемнің 2 түрі төленеді.

Қордан еңбекке қабілеттілігінен айырыл-

ған жағдайда әлеуметтік төлем жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезеңге тағайындалады және еңбек қызметін жалғастыруына қарамастан төленеді.

Қордан асыраушысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем асырауындағылар 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқыған жағдайда – 23 жасқа дейін төленеді.

Сатып алу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында бұл төлемдердің мөлшері жыл сайын артырылады. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдердің мөлшері автоматты түрде 8,5%-ға өсетін болады.

Алматы қаласы бойынша 6 358 алушыға еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайға және 4168 асыраушысынан айырылған отбасыға төлемдер мөлшері ұлғайтылды.

Осылайша жұмыс істейтін азаматтар алатын төлемдердің жиынтық мөлшері жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда көбірек болады.

Сонымен қатар, төлемдерді қайта есептеу, арттыру және ұзарту автоматтандырылған режимде жүргізілетінін, яғни алушыларға қосымша құжаттар жинаудың қажеті жоқ екенін ерекше атап өткім келеді. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ ақпаратты қордың gfs.kz интернет-ресурсы арқылы, сондай-ақ қор мен филиалдардың әлеуметтік желідегі аккаунттарынан алуға болады.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

«ҚЫС ШІЛДЕСІ»

қыспайды деменізі...

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Кешегі аптада қаңтардың қысы күшіне мініп, сақылдаған сары аяз болды. Сөйтіп, шамалы уақыт малды да, жанды да қаңтарып қойды. Бұрынғы көнекөз қарияларымыз айтатын ауа райының «қыс шілдесі» деген амалы осы болса керек. Былтыр, оның алдыңғы жылы да дұрыс қар жаумай, бала біткеннің қысқа көңілі толмай, шананың, шаңғының да қызығына тоймай, біраз бұртиғаны бар. «Міне, сендерге қыс!» деді ме, төпеп жауып тастады.

Ат құлағы көрінбес

Ал қазір аяз аздап сынып келеді. Бірақ әлі де суық. Мамандар дәл осындай қыс Алматыда осыдан 54 жыл бұрын болған деп отыр. Сондықтан ба, суыққа шыдай алмай, әжептәуір қиналыққа қалдық. Балаларды да бір-екі күнге сабақтан босатып, біраз абыржып қалған жайымыз бар.



Алматыдай алып мегаполистің өзіне кешегі апта ішінде ақ ұлпаның қалыңдығы 15 см-ден асқан болса, таулы жерлерде оның биіктігі 20–25 см-ге жеткен. Қаланың коммуналдық шаруашылығы маңында жүрген еңбек адамдары бел жазбастан, ауысыммен 24 сағат жұмыс істеді.

Ал Солтүстік пен Шығыс Қазақстан облыстарына жауған қардың қалыңдығы өз алдына. Өңірлерде екі күнде қардың айлық нормасының 40%-ы жауып, талай ауыл қар астында қалған. Иә, қар тонналап түскен, ат құлағы көрінбестей соққан боранның күшімен үйлердің шатырына дейін басып қалған. Ондағы ағайындар қасат қардың астында қалған үйді де, жайды да, боранда қалған көліктерді де, адамдарды да видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге салып жатты. Тіпті, бір тұрғын мүлдем қар астында қалып қойған. Абырой болғанда, қалтасында ұялы телефоны болып, сол арқылы туыстарына қоңырау шалып, олар дереу барып қалың қардың арасынан аршып алып жатқанын экранның бергі жағынан болса да көз көрді.

Мәселен, Үржар (Шығыс Қазақстан облысы) ауылында толассыз жауған қардың қалыңдығы жылқының бойына жеткен. Күпсек қардан аттың тек басы ғана көрінеді. Оны сол ауылдың тұрғыны жүктеген видеодан көріп, тағы таңқалдық. Қалың қар сөйтіп ауыл шаруаларын әбден әбігерге салған.

Тағы бір тұрғынның видеосында жылқылар бірінің артынан бірі із салып, шұбап кетіп барады. Сол аймақта толассыз жауған қардың қалыңдығы екі метрге жеткен. Малсақты шаруалар жылқы тебіндейтін жер жоқ деп уайым жеп тұр. Тебін, тебіндету – малды қар басқан қысқы жайылымда бағу. Бүкіл тірлігін ат үстінде жүріп тындыратын ауылдықтардың жайын түсінуге болады. Олардың күнкөрісі – төрт түлік.



Тебіндегі мал қарды тұяғымен аршып, шөбін жейді. Тебінде жайылуға жылқы мен қой бейім келеді.

Су да тазарады

Бүгін – христиандардың «крещенский мороз» деп құрметтейтін шоқын мерекесі. Бұл күні жұрт сақылдаған сары аяз қысып тұрған далада тастай суық суға түсіп, салт-жоралғыларын жасайды.

Христиан қауымның сенімі бойынша, 18-19 қаңтар күндері жер бетінде барлық су жаңарып, тазара түседі. Сондай-ақ, су өзінің құрамындағы жағымсыз рухтың энергетикасынан арылады. Бірақ бұл судың қасиетті болғанын білдірмейді. Ол үшін шіркеу қызметшісі дұға оқып, суға кресті батыруға тиіс. Осы суға шомылған адамның рухы мен тәні тазарады деген сенім қалыптасқан. Дегенмен, дін қызметшілері бұл күні күнәдан тазарамын деп ауа райының суығына және денсаулығына қарамастан мұздай суға түсуге тыйым салады. Былтыр естеріңізде ме, талай адам «осы крещенский морозда» суға түсемін деп, жалаңаш секірген мұзды ойығынан қайтып шықпай қалғаны. Әлеуметтік желілерде ондай видеолардың талайы жүрді.

Аталған мерекеді христиандар отбасында береке мен бірлік болсын деген тілекпен үйдің барлық бұрышына қасиетті судан себеді. Сондай-ақ, бір-бірімен ренжісіп жүрген жандар болса, татуласуға тырысады екен. Ғайбат сөздер айтудан да тыйылып, кикілжіңнен аулақ болады. Мүмкіндігінше үй жинап, кір жумауға тырысады.



Әрине, біз өзге діннің қағидаттарына, кім-кімнің де діни наным-сеніміне құрметпен қараймыз. Себебі, кез келген оң дін адамның жүрегіне ізгілік дәнін себеді.

Ал біздің бұрынғы көнекөз қарттарымыздың айтуынша, осы христиандардың «крещенский морозына» қазақтың «бес тоғысы» сәйкес келеді екен. Осы айда Ай мен Үркер жаңа туған айдың бесінші күнінде тоғысады деседі. «Бес тоғыстан

кейін белінді шеш» деген сөз содан қалса керек, яғни аяздың ызғары қайтып, күн жылына бастайды деген мағына.

Маңғыстаулықтар бұл аязды «итбалықтың кіндік қатырмасы» деп атап жүр. Сөйтсек, бұл уақытта Каспий теңізіндегі итбалықтар мұздың бетіне шығып балайды екен. Қатты суықта балаларының кіндігі мұзға жабысады да, кесіліп түседі. Мұндай суық болмаса, итбалықтың балалары қырылып қалуы мүмкін көрінеді.

Тағы бір жаңа күн

Қыс қаһарына мініп тұрғанымен, өмір тоқтап қалмақ емес. Әр мезгіл өз сәнімен. Тіршілік жалғасуда. Бірақ көңілге көлеңке түсіретін жайттар да орын алып жатады кейде. Күннің суығын пайдаланып, такси құнын аспандатып жібергендер де бар арамызда. Кеше көршіміз сонау «Қалқаман» ықшамауданынан «Саяхатқа» дейін такси ұстаса, 5 мың теңге депті. «Құдай-ау, бес мыңға бір қаладан екінші қалаға барып келуіме болады ғой, бұл неғылған аспандап кеткен баға?!» деп ренжідім дейді. «Аға, отырмасаңыз өзіңіз біліңіз, мен де бала-шаға асырап жүрмін» деп, ағыза жөнеліпті. Жетегінде алты жасар баласы, жүкті келіншегі болғандықтан солар тонып қалмасын деп, тағы бір көлікті тоқтатса, онысы «Саяхатқа» дейін 4 мың депті. Амал жоқ, отырған.

Шыны керек, кейде автобустар да «кестемен бекітіп берген уақытымыздан қалып барамыз» немесе «орын жоқ, адамдық толы» деген желеумен аялдамаларға тоқтамай заулай өтіп кетеді. Ал артта, сары аяда үлкендер тұрмақ, сөмке асынған кішкентай балалар да қол бұлғап қалып бара жатады. Сондай кезде ойлайсың ғой, онсыз да табиғат аязына тонып тұрғанда, бір-бірімізді мейіріммен, пейілімізбен жылытып жүрейік деп. Артымызда тонып-жаурап, жол-пұлы жетіңкіремей тұрған балалы әйел қалып бара жатса, ал жолдан ақшалы біреуді отырғызып алсақ, сол күнгі ұйқымыз қалай болар екен? Барға қанағат ету де бабам қазақтан қалған қасиет емес пе еді. Тым болмаса, қыста бір-бірімізді қыспай, қайырымды болайықшы.

Міне, бүгін де күн көзі шығып тұр. Аппақ қармен шағылысып, жалт-жұлт етіп, көңілген бір сәттік болса да сәуле, нұр сыйлайтындай. Тағы бір жаңа күніміз осылай басталып, жұмысты бетке алып, жолға түстік.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Қар қызы»

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Автор: Оралхан Бөкей.
Күні мен уақыты: 22 қаңтар, 18.30.



«Қазақстан халқына сүйіспеншілікпен – бүкіл әлем ғажайып бояуда» көрмесі

Өтетін орны: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі.
Күні мен уақыты: Көрмені ақпан айының 8-іне дейін тамашалай аласыздар!



«Щелкунчик»

Өтетін орны: Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры.
Күні мен уақыты: 27 қаңтар, 19.00.





КЕРЕК КЕҢЕС

СӘН МЕН СЫМБАТ

Ескі киімдерді кәдеге жаратып, сәннен қалмаңыз



Соңғы уақытта еліміздің бірқатар аймағында үскірік аяз, қалың қар жауа бастады. Сол себептен болар, ауа температурасы әдеттегіге қарағанда өзгеше суық. Мұздағанымыздан сәредегі қалың киімдерімізді шығарып, сәнді былай қойып, денсаулығымызға назар аудара бастадық.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Дегенмен, үскірік ауа райының өзінде де сәннен қалыс қалмауға болады. Ол үшін комақты қаражатыңызды құртып, жаңа киімдерді сатып алудың қажеті жоқ. Бұрын-дары киілген не болмаса көзіңіз кимай, сақтап жүрген ата-ананың ескі киімдерін өңдеп, қайта кәдеге жаратуға болады. Бүгінде экология жанашырлары маусым сайын киіліп, қоқысқа тасталатын киімдердің табиғатқа да, адам баласына да зиян екендігін жарыса жазуда. Олардың айтуынша, мұндай қоқыстарды арнайы өңдеу аймағына апарып өткізген жөн. Оны отқа жағуға, қоқысқа тастауға болмайды. Жойылу процесі мыңдаған жылға созылып кетуі әбден мүмкін. Сол үшін қалтаңызға да ауырлық түсірмей, табиғатқа да зияныңызды тигізбей, бар заттардан сәнді дүниелерді жасап шығаруға мүмкіндігіңіз бар. Ол үшін біз ұсынбақ мыналарды жадыңызда сақтап, керіңізге жаратқаныңыз абзал.

09.30 Саморазвитие с Маржан-коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Ерте, ерте, ертеде...» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Жұмадағы жүздесу
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Жолсерік» – телехикая
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Жұмадағы жүздесу
18.00 ТамашаLike
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Автопортрет
19.35 Бақытты отбасы
20.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
21.00 «Жолсерік» – телехикая
22.00 Балалық шаққа саяхат
22.30 Orkeni style
22.55 Views

СЕНБІ
28 ҚАҢТАР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Мультфильмы
8.00 Мультфильмдер
9.00 Мультфильмы
9.40 Детский кино клуб.
Руфус. Хроники
волшебной страны
11.00 Болливудтан
махаббатпен!
13.30 Тұсаукесер! Айтыс.
Біржан-Сара ізімен
15.00 Женский кино клуб.
«Зеркала любви»
19.00 Концерт
21.30 Тұсаукесер! Алматы
ән қанатында
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Обо всем без купюр
(повтор)
2.30 Алматинские истории
2.55 Алматинские каникулы
3.05 Алматы кеші
3.50 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.05 «Күміс көмей»
7.50 «Зинһар»
8.35 «Көңіл толқыны»
9.25 «Әйел әлемі»
10.00 «Жүректегі күз». Телехикая.
11.00 «Махаббат тұтқыны». Телехикая.
12.00 «Ән мен әнші»
14.00 Дисней ұсынады.
«Гарфилд». Мультфильм (АҚШ, 2004 ж.)
15.15 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
16.25 «Нартәуекел». Зияткерлік-сауықтық телевикторина
17.35 «ЖАЙЫЛЫМ ЖЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ». Арнайы жоба
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
19.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.30 «МАХАББАТЫМ». Серік Ибрагимовтың ән кеші
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «Көкжалдар». Көркем фильм (Қазақстан, 2017 ж.)
0.55 AQPAPAT
1.25 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Махаббат қаласы» Ернар Айдар
08.00 «Көмбе»
08.40 «Дағұп»
09.30 «Спорт әлемі»
10.00 Мегахит. «Пятнадцать минут войны»
12.00 Мультфильм.
«Король сафари»
13.25 Мультсериал.
«Алиса и Льюис»
14.00 Телехикая марафоны.
«Келінжан»
17.00 «Маска»
19.00 Мейрамбек Бесбаевпен
«Covershow»
21.00 Ақпарат арнасы
«7 күн» сараптамалық бағдарламасы
21.40 Деректі фильм. «Бұл осылай болған еді...»
22.15 Мегахит. «Хаос»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ

06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «Күліп ALL»
09.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
10.00 «Алдараспан»
12.00 КИНО.
«Фархад пен Шырын»
14.00 Анимационный фильм
«Фердинанд»
16.00 КИНО. Том Круз в
боевике «Джек Ричер»
(повтор)
18.40 КИНО. Том Круз
в боевике «Джек
Ричер 2. Никогда не
возвращайся»
21.00 КИНО. Крис Хемсворт
в фантастическом
боевике «Тор»
23.10 «Bizdin show»
01.00 What's up?
01.30 «31 әзіл»
02.30 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.20 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.10 «ПОЕХАЛИ!»
9.00 «ПРОУЮТ»
9.55 Наши любимые
комедии. «КИТАЙСКАЯ
БАБУШКА»
11.35 «ТАМ, ГДЕ НЕ
БЫВАЕТ СНЕГА». Многосерийный фильм
Евгений Миронов,
Северия Янушаускайте,
Дмитрий Марьянов,
Ксения Раппопорт,
Роза Хайруллина в
многосерийном фильме
«НОРВЕГ»
18.30 «АЙНА» бағдарламасы.
Тікелей эфир
19.00 ПРЕМЬЕРА СЕЗОНА!
«Х FACTOR». Девятый
сезон. Прямой эфир
20.55 Дарья Калмыкова,
Дмитрий Ульянов в
многосерийном фильме
«МАЧЕХА»
23.00 «Х FACTOR». ИТОГИ
ГОЛОСОВАНИЯ.
Прямой эфир
23.35 «МАЧЕХА». Продолжение
1.00 Ночной кинотеатр.
«ПОСЛЕДНИЙ ВАГОН.
ВЕСНА»
2.45 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Зимняя серия игр
3.45 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.40



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Jaidarman
08.30 Т/п «Алло, бұл кім?»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Шоу «Ну-ка, все вместе»
11.10 Х/с «Свадебные хлопоты»
14.40 Т/х «Пәленшеевтер»
17.40 Т/х «Сержан братан»
21.00 Шоу «Маска»
00.00 Х/ф «Марафон»
02.00 Т/п «Алло, бұл кім?»
02.20 Jaidarman
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «OZAT OTBACЫ», ток-шоу
07.50 «ҚИЫН ШАҚ», телехикая. С субтитрами на русском
08.45 «КТКweb» (қайталау)
09.10 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)

09.50 «ЮМОРИНА», шоу-программа
12.00 «ЗОЛОТАЯ КРОВЬ. ЧЕРТОЛЫЕ. ЧЕРТОВ КИСТЕНЬ», криминальная драма (повтор) (худ.сериал)
15.20 «КӨРІПКЕЛ»
17.10 «КОРЗИНА ДЛЯ СЧАСТЬЯ», мелодрама (худ.сериал)
21.00 «ЛЮБОВЬ С АРОМАТОМ КОФЕ», мелодрама (худ.сериал)
00.30 «ДРУГИЕ», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
02.10 «КӨРІПКЕЛ»(қайталау)
03.25-
04.20 «OZAT OTBACЫ», ток-шоу (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Барыс» (Астана) – «Трактор» (Челябинск)
09.15 XXX ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДА. Сноуборд. (Әйелдер/Ерлер). Квалификация
10.20 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
11.10 XXX ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДА. Шаңғы жарысы. (Әйелдер. 15 км)
12.10 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ
12.55 XXX ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДА. Сноуборд. (Әйелдер/Ерлер). Финал
15.25 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ». 3 сезон. 7-выпуск.
Сабира Бекишева
15.50 БАСКЕТБОЛ. ВТБ Лигасы. «Астана» – «Енисей». Прямой эфир
17.50 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ. Чемпионат Европы. Произвольная программа. (Женщины) Прямой эфир
21.00 ММА. OCTAGON 37
23.00 КӘСІПҚОЙ БОКС. Артур Бетербиев – Энтони Ярд. Прямой эфир
03.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
03.50 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
7.40 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
8.00 Анимация. Отандық / «Ертемір»
8.25 «Көңілді құндыз» Мультхикая.

8.50 Анимация. Отандық / «Глобус»
9.05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.30 «Супер әке» Мультхикая.
10.00 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
10.05 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
10.35 Анимация. Отандық / «Бөпе»
10.45 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
11.20 «Винкстер клубы» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
11.55 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» ойын-сауықтық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
12.15 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
12.35 «Дарын мен Айзере» ситком.
12.50 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық / «Ертемір»
13.40 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
13.55 Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
14.10 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
14.40 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
15.00 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
15.30 «Көңілді құндыз» Мультхикая.
15.55 «Супер әке» Мультхикая.
16.25 «Сынық сынып» ситком.
16.55 Анимация. Отандық / «Бөпе»
17.05 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
17.10 Анимация. Отандық / «Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
17.50 «Дарын мен Айзере» ситком.
18.05 «Анаммен бірге/ әкеммен бірге» ойын-сауықтық бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.30 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
19.00 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
19.30 «Этикет әлемі» танымдық бағдарлама
19.45 Анимация. Отандық / «Тотықұстар»
19.55 «Сынық сынып» ситком.
20.25 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
20.45 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
21.15 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»

21.35 «Винкстер клубы» Мультхикая.
22.00 Жаңа маусым! «Әжемнің ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық / «Менің елім»
22.30 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
22.55 «Теңбіл доп» телехикая.
23.35 Анимация. Отандық / «Глобус»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANATV

06.00 «Әйел тағдыры 3» түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
10.00 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
12.00 Шаншар
15.00 «Балуан Шолақ» Худ.фильм
17.20 «Дабл трабл» Худ.фильм
19.00 «Жұлдызбысың»
20.00 «SagarTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы
23.30 «Загадай желание» Худ.фильм
01.15 «Балуан Шолақ» Худ.фильм



TALIMTV

07.00 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Емен-жарқын
09.00 Абайдың жолы
09.30 Менің анам, менің әкем
09.55 Саулықтың сыры
10.10 Жүйріктер – мультфильм
10.30 Денсаулық сыры
11.00 Ғибратты ғұмырлар
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Айтыс Strike
14.10 Dara til
14.30 Саммари 100 кітап
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Көке» – телехикая
16.00 «Көке» – телехикая
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Views
18.20 По душам
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 ТамашаLike
20.00 Жиырма бесінші сағат
21.00 Идея
22.00 Dara til
22.30 «Өтелмес борыш» – Қ.м.ф.
22.55 Views



«Келінжан». Телехикая.
«ХАБАР» арнасы. Сағат 14.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
29 ҚАҢТАР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Мультфильмы
8.00 Балалар кино клубы
9.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб.
«Пираты по соседству»
11.00 Жұлдызды такси
(жаңа маусым)
11.30 Болливудтан
махаббатпен!
15.00 Женский кино клуб.
«Не в деньгах счастье»
19.00 Концерт
20.30 Тұсаукесер! Айтыс.
Біржан-Сара ізімен
22.00 Мужское кино
0.30 Мужское кино
2.30 Бақытты отбасы
(қайталау)
3.00 Алматы тұнған тарих
3.25 Алматинские истории
3.50 Алматы кеші
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Ұнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Ұнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Дәуір даналары».
Деректі фильм
7.50 «Күй-керуен»
8.20 «Ақсауыт»
8.45 «Меломен» тобының
концерті
10.00 «Жүректегі күз».
Телехикая.
11.00 «Махаббат тұтқыны».
Телехикая.
12.00 Дисней ұсынады.
«Гарфилд». Мультфильм
(АҚШ, 2004 ж.)
13.10 «Махаббатым». Серік
Ибрагимовтың ән кеші
15.00 «Көкжалдар». Көркем
фильм (Қазақстан,
2017 ж.)
16.35 «Көңіл толқыны»
17.25 «ӘЙЕЛ ӨЛЕМІ»
18.00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама. Тікелей
эфир
20.55 «НАРТӨУЕКЕЛ».
Зияткерлік-сауықтық
телевикторина
22.30 «БАУЫРЛАР».
Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»
0.40 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама
1.30 «Ақсауыт»
1.50 «Күй-керуен»
2.20 Ұнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Ұнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Концерт. «Jan syrgum»
Құрмаш Махан
07.45 «Әке бақыты»
08.45 «Балақай»
09.30 «Спорт time»
10.00 Мегахит. «Хаос»
12.00 Мультфильм. «Ловушка
для привидения»
13.40 Мультсериал.
«Алиса и Льюис»
14.00 Телехикая марафоны.
«Келінжан 3»
17.30 «Маска»
19.30 Тұрсынбек Қабатовтың
«Jur-jubuten» шоуы
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 Мегахит. «Пуля»
00.00 «Культурный контекст»
01.00 ҚР Ұнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ҰНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo»
прямой эфир
09.30 КИНО. «Фархад пен
Шырын» (қайталау)
11.30 «31 әзіл»
12.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
13.00 Анимационный фильм
«Фердинанд» (повтор)
15.00 КИНО. Том Круз
в боевике «Джек
Ричер 2. Никогда не
возвращайся» (повтор)
17.20 КИНО. Крис Хемсворт
в фантастическом
боевике «Тор» (повтор)
19.30 КИНО. Дуэйн Джонсон
в боевике «Спасатели
Малибу»
20.00 «Миллионер каждую
неделю». Тікелей эфир
20.03 КИНО. Дуэйн Джонсон
в боевике «Спасатели
Малибу»
22.00 «Алдараспан»
23.00 What's up?
00.00 «31 әзіл»
01.00 What's up?
02.00 Тамаша live
03.00 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.50 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.45 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.00 Алёна Хмельницкая,
Дарья Бондаренко,
Олег Алмазов, Жан
Байжанбаев в фильме
«ОАЗИС ЛЮБВИ»
10.50 «QAIYMAK»
11.25 «МАЧЕХА».
Многосерийный фильм
14.55 «X FACTOR». Девятый
сезон
17.10 Алексей Макаров,
Анастасия Савосина,
Алла Малкова в фильме
«СЫН»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Премьера.
Дана Абызова,
Александр Пашков в
многосерийном фильме
«ПРОШЛОМУ МЕНЯ НЕ
СЛОМИТЬ»
0.55 «ПОЕМ НА КУХНЕ ВСЕЙ
СТРАНОЙ»
2.35 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.45

7-КАНАЛ

06.00 Т/х «Пәленшеевтер»
08.30 Т/п «Алло, бұл кім?»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Т/п «Смеяться
разрешается»
11.40 Шоу «Маска»
14.20 Т/х «Бастық боламын»
16.50 Алдараспан 10 жыл
21.00 Х/с «Алиса против
правил»
00.40 Т/п «Алло, бұл кім?»
01.00 Алдараспан 10 жыл
04.15 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ҰНҰРАНЫ
07.05 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
08.10 «OZAT OTBACЫ»,
ток-шоу
09.00 «ҚИЫН ШАҚ»,
телехикая. С
субтитрами на русском
10.10 «ЮМОРИНА»,
шоу-программа
12.00 «ЛЮБОВЬ С АРОМАТОМ
КОФЕ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
15.20 «КӨРІПКЕЛ»
18.20 «ШӘМШІ ӘНДЕРІНІҢ
КЕШІ», ән-шашу.
Тұсаукесер!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «СЛЕД ТИГРА»,
криминальная
мелодрама (худ.фильм)
23.40 «ДРУГИЕ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
01.30 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
03.00-
04.30 «ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Ұнұран
07.05 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Чемпионат Европы.
Короткая программа.
(Женщины)
09.05 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
шолуы
09.55 ХХХ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДА.
Сноуборд. (Әйелдер/
Ерлер). Финал
11.25 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».
3 сезон. 8-выпуск.
(Татьяна Алдошина)
11.45 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Чемпионат Европы.
Танцы на льду
16.20 «Боз кілемге барын
салған». А. Кебіспаев.
Деректі фильм
16.50 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Барыс»
(Астана) – «Динамо
Москва» (Москва).
Тікелей эфир
19.20 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Чемпионат Европы.
Гала-концерт. Прямой
эфир
21.00 ММА. OCTAGON 38
23.00 ДЗЮДО. Grand Prix.
Тікелей эфир
01.30 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
мен Конференция
Лигасының шолуы
02.20 Ұнұран

BALAPAN BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Ұнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Балақайлар»
7.40 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама

8.00 Анимация. Отандық /
«Ертемір»
8.25 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
8.35 «Үйшіктер» Мультхикая.
8.50 Анимация. Отандық /
«Глобус»
9.05 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.15 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
9.30 Тұсаукесер! «Зузудың
достары» Мультхикая.
10.00 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
10.05 Анимация. Отандық /
«Күшік»
10.35 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
10.45 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
11.20 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық /
«Батыл ұшқыштар»
11.55 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге» ойын-
сауықтық бағдарлама.
12.00 Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»
12.15 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
12.35 «Дарын мен Айзере»
ситком.
12.50 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
13.15 Анимация. Отандық /
«Ертемір»
13.40 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
13.55 Анимация. Отандық /
«Тоқты мен серке»
14.10 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен балалар»
14.40 «Көңілді жексенбі»
отбасылық бағдарлама
15.00 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
15.30 «Көңілді құндыз»
Мультхикая.
15.40 «Үйшіктер» Мультхикая.
15.55 Тұсаукесер! «Зузудың
достары» Мультхикая.
16.25 «Сынық сынып» ситком.
16.55 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
17.05 Анимация. Отандық /
«Дүлдүл»
17.10 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
17.20 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
17.50 «Дарын мен Айзере»
ситком.
18.05 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге» ойын-
сауықтық бағдарлама.
18.15 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
18.30 Анимация. Отандық /
«Күшік»
19.00 Анимация. Отандық /
«Балақайлар»
19.30 «Этикет әлемі»
танымдық бағдарлама
19.45 Анимация. Отандық /
«Тотықұстар»

19.55 «Сынық сынып» ситком.
20.25 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
20.45 Анимация. Отандық /
«Суперкөлік Самұрық»
21.15 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
21.35 «Винкстер клубы»
Мультхикая.
22.00 Жаңа маусым! «Әжемнің
ертегісі» кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық /
«Менің елім»
22.30 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
22.55 «Теңбіл доп» телехикая.
23.35 Анимация. Отандық /
«Глобус»
23.55 «Бесік жыры» – Ұнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Әйел тағдыры 3»
түрік телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
10.00 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
12.00 «Алдараспан»
15.25 «Құрақ» телесериал
18.15 «Семья» Худ.фильм
21.00 «Ессіз махаббат»
түрік телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
23.30 «Дабл трабл»
Худ.фильм
01.10 «Көру керек!»
бағдарламасы

TALIM TV TALIMTV

07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.55 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
11.00 Рухани байлық
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Қазақ спортының
классикасы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «YouTube times»
16.15 ТамашаLike
17.00 Саулықтың сыры
17.10 Балалық шаққа саяхат
17.40 Бақытты отбасы
18.00 Қышқыл мысқыл
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Talim Speakers
19.35 Сырласайық
20.00 «Көке» – телехикая
22.30 Пруст сауалнамасы
22.55 Views



«Шәмші әндерінің кеші». Концерт.
«КТК» арнасы. Сағат 18.20-да.



ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

КӨНЕ ҚҰРАНДАР МЕН ҚОЛЖАЗБАЛАР

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНІҢ АСЫЛ МҰРАЛАРЫ

Көнеден келе жатқан халқымыздың рухани мәдениетінің асыл мұраларының қатарында сирек кездесетін көне діни мазмұнды қолжазбалар мен басылымдардың ғылым үшін де, болашақ үшін де маңызы аса зор. Мамандардың деректеріне сүйенсек, Мемлекеттік орталық музейдің қорында 220 бірліктен аса қазақ, араб, парсы, шағатай, түрік, татар тілдеріндегі жазба жәдігерлер сақтаулы. Алматыдағы Мемлекеттік орталық музейде діни мазмұнды қолжазбалар мен басылымдарға арналған көрмелер жиі өтіп тұрады.

Музей төрінен орын алған жәдігерлер мазмұндық ерекшеліктеріне қарай қазақтілді (қадым және төте жазу) қолжазбалар, Құран мен тәпсірлер, Мұхаммадия және Мұхтасар кітаптар, грамматикалық оқулықтар мен сөздіктер және әртүрлі діни мазмұнды литографиялық баспа өнімдері болып бірнеше топқа бөлінеді.

ТАРИХТАН – ТӘБӘРІК

Мемлекеттік орталық музейдің қолжазба қорындағы қолжазбалар мен басылымдардың үлкен бөлігі діни мазмұнды. Хронологиялық тұрғыдан алғанда музей қорында сақтаулы ең көне қолжазба Құранның 1054 h. /1643 жылдары жазылған нұсқасы көрінеді (КП 3121). Сондай-ақ, акын, жазушы, публицист, Мұхамеджан Сералиннің «Қожалар шежіресі (КП 18270)» атты әйгілі туындысы да осында.

Музей қорында жинақталған 30-дан аса қолжазба және баспа Құрандардың басым көпшілігі Қазан қаласының баспаханаларында жарық көрген. Сонымен қатар, Түркия, Мысыр, Үндістанда басылып шыққандары да кездеседі. Құран кітаптардың барлығы дерлік жеке тұлғалардан са-тып алынған.

Сонымен қатар, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезіндегі діни мазмұнды басылымдардың, атап айтқанда, Құран тәпсірлері, Мұхаммедия, Мұхтасар, грамматикалық оқулықтар, алуан түрлі діни мазмұнды кітаптардың бірсыпырасы – Қазан баспаханаларының туындылары. Кейбір Құран, діни мазмұнды кітаптар Петербор, Омбы, Орынбор, Ташкент, Самарқан, Ыстамбұл баспаханаларында басылып шыққан. Бұл Құрандар мен басылымдар әуелде аталған қалалардың



мемлекет қарауындағы университеттері мен қазыналық баспаханаларда, сондай-ақ жеке тұлғалардың (М.В.Чирков, Б.Л.Домбровский, ағайынды Мұхамеджан мен Шәріпжан Каримовтер және т.б.) баспаханаларында діни сауатты, дәулетті, бай кісілердің қаражатына басылып, қазақ даласына тарап отырған.

Қорда жинақталған бұл діни мазмұнды қолжазбалар мен басылымдардың көпшілігі атадан мұраға қалған жәдігерлер болып саналады. Олардың қатарына Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Абрамбай Байжанов, Нұрғали Ақшоларов, Рамазан Қалыбаев, Манат Шахаева, Жарпынбай Байтуразов, Айдолла Жолдасов, Жайлаубай Құтпанов сынды тұлғалардың ұрпақтарына мұра етіп қалдырған діни қолжазбалары мен басылымдарын жатқызуға болады.

Сонымен қатар, көрмеде оның тақырыптық мазмұнын аша түсетін қосымша материалдар, араб құснихат өнерінің алуан түрлі үлгілерімен безендірілген иллюстрациялар да ұсынылды.

Тарих ғылымының докторы Әшірбек Момыновтың айтуынша, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің қорында 1930 жылдардың басына дейін сақталған Құрандардың үш нұсқасы бүгінде Ұлттық кітапханада сақталған.

БАҒА ЖЕТПЕС ЕСКЕРТКІШ

«Қазіргі таңда кітапхананың сирек кітаптар қорында 30 мыңға тарта сирек кітаптар мен қолжазбалар бар, оның 50 данасын Құран нұсқасы құрайды. Олардың



ішіндегі ең көнесі – Куфи Құраны. Ефраттағы Куфа қаласының атымен аталатын, араб жазуының ең көнесі, бұл әріптермен Құранның алғашқы нұсқалары таңбаланған. Қолжазба кітапхана қорында №3903-46 ретпен тізімделген, XII ғасырда жазылған, 667 парақтан тұратын қасиетті кітаптың көлемі 396х320 миллиметрлік пергаментте, Құран сүрелері кара, қою қызыл және алтын бояулармен жазылған. Әр парақ 17 жолдан тұрады. Әр беті сүйір өрнекпен әшекейленген. Қолжазба кейінірек түптелген болса керек. Соңғы бетінде кітап иесінің не дайындаушының мөрі болуы мүмкін. Мулла Қожа Абд ар-Рахмен деген жазу екі жерден түскен. Сонымен бірге, мынадай жазу бар: «Бұл кітап Әбу Усман Омар ибн Әби Бакр ибн Йусуф ал-Варрак ал-Фараби қолымен ас-султан ал-А'зам Малик ал-Ислам ... Мас'уд ибн Ибрахим билігі кезінде жазылған». Қожа Ахмет Яссауидің тікелей ұрпағы Мұхаммад Али ал-Джуни Яссауи-зада хижра жыл есебімен 1352 жылы бірінші джумада айында кесенеге келген кезінде (1933 жылдың тамыз-қыркүйек айлары) бұл жазуларды қазіргі калпынан да тәуір кезінде көр-

ген болуы мүмкін, мынадай жазу қалдырыпты. Яғни бұл жазба селжұқ сұлтаны Санжардың (1118–1157 ж.ж.) қарындасына үйленген Ғазневидтер әулетінің (963–1187 ж.ж.) билеушісі Мас'уд ибн Ибрахим (1134–1152 ж.ж.) тұсында көшіріліп жазылған. Шынында да, көне қолжазбаларды зерттеуші мамандардың пікірлері бір арнада тоғысады. Бұл Құран жазылуы мен көркем безендірілуі жағынан Ауғанстан қолжазбаларына ұқсайды. Жәдігер Францияның Ұлттық кітапханасында сақтаулы тұрған №6041 қолжазбамен салыстырылды. Франциялық баламасы Буст аумағында 1111-1112 жылдары куфи қарпімен таңбаланған. Бұл қолжазба 205х150 миллиметрлік, 125 парақтан тұрады. Тағы да куфи жазбаларының бір көрінісін Ғазнидегі осы кезеңдегі құлпытас жазуларына ұқсаттық. Осыған қарап Қазақстандағы ислам өнерінің баға жетпес ескерткішінің шыққан аймағы мен уақытын дәл анықтап айта аламыз», – дейді ғалым.

АЛҒАШҚЫ АУДАРМАЛАР

2000 жылы Венецияда өткен «Қазақ даласының діні» атты көрмеге екі Құран қойылды. Алғашқысы XI–XIII ғасырларда шығарылған болуы мүмкін деген болжам айтылды, әр парағының көлемі 370х300 миллиметр, сегіз жолдан тұрады. Насхи қарпімен таңбаланған. Күн тектес өрнекпен әр беті безендіріліп, «Алла» сөзі алтын түсті сиямен жазылған. Құран толық емес. Өте көркем безендірілгеніне қарап, оның арнайы тапсырыспен жазылғанын айтуға болады. Құран парсы тіліне жолма-жол аударып, қызыл сиямен ұсақ етіп жазылып отырған. Құранның қолжазбалық көшірмелерін парсы не түркі тіліне аударып жазу тек мұсылман әлемінің шығысында ғана орын алғаны белгілі. Олардың бір ерекшелігі – Құран мәтіні тұтас емес, аяттары үзіп алып аударылған.

АЛЫП ҚҰРАН

2002 жылы бұрындары Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің иелігінде болған «Алып Құранның» табылғаны белгілі. Кітап терімен қапталған, түптеуші қари Ибадаллах ибн Әділ қожа. Құранды соңғы рет пайдаланушы қазақ тілінде жазбалар түсірген, арасынан 1937-1938 жылдардағы кеңестік тиындар табылған. Құранның шығарылған жылы көрсетілмеген. Алайда, палеографиялық мәліметтерге қарап, оны XVIII соңы мен XIX басы деп нақты айтуға болады. Жәдігер алып Құрандардың қатарына жатады. Салмағы 40 кг, көлемі 825х490 миллиметр, 497 парағы сақталған.

ІЗГІ АМАЛ



Ислам дініндегі ең әдемі әуен – азан. Қазақ халқында «Азаны бар ауыл азбайды» деген сөз бар. Демек, дін мен ділге берік елде азаннның алар орны ерекше.

АЗАНЫ БАР АУЫЛ АЗБАЙДЫ

Қазақтың салт-дәстүрінде дүниеге келген нәрестенің құлағына азан шақырып, ат қояды. Азан айтылып, жақсы атты иеленген баланың жолы болып, өмірде өзінің орнын табады деп сенген.

Бес уақыт азан шақырудың басты мақсаты – күйбең тіршіліктің қамындағы пенделерге Алланы және ақырет күнін еске түсіру. Бұл қоғамның рухани өмірін дамытуға үлкен үлес қосатын дүние. Сондай-ақ, жұма намазына арналған азаннның қасиеті өзінше ғаламат.

БҰЛ ТУРАЛЫ ҚАСИЕТТІ ҚҰРАНДА:

«Уа, иман келтірген жандар! Жұма күні намазға азан шақырылған кезде саудаларыңды тастап, Алланы еске алуға (құтпа тындап, намаз оқуға) асығыңдар! Біле-білсеңдер, сендерге ең қайырлысы осы. Намазды оқып болғаннан соң жан-жаққа тарап, Алланың нығметінен өздеріне ырыздық-несібе іздеңдер. Алланы көп-көп еске алыңдар, мүмкін, бақытты боларсыңдар», – деп адамды өзін-өзі тәрбиелеуге,



ерік-жігерін бағындыруға, бақыт жолын іздеуге талпындырады.

Азан – қазіргі Қазақстан қоғамында имандылық пен рухани мәдениеттің маңызды атрибутына айналды.

Бетгі әзірлеген Айнур СЕНБАЕВА.
(Дереккөз: www.muftiyat.kz).



ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры, ҚР ҰҒА академигі:

САПАЛЫ БІЛІМ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК КЕПІЛІ

**Жоғары білім алған жастарды ауылға тұрақтандырып,
жұмыспен қамтамасыз ету – маңызды міндет**



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кезекті Жолдауында «Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетін көтеру үшін елімізге жас білімді әрі ынталы мамандар керек. Цифрландыру жөніндегі ұлттық жобаның аясында кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлауды қолға алуды тапсырамын. Ал жоғары оқу орындары осы мамандарды сапалы даярлауына жауап беруге міндетті» дегені бәрімізге мәлім.

Заманауи талаптарға сай жаңғыру бағдарлары

Ауыл шаруашылығын көтеру үшін осы салаға көптеп мамандар даярлау, соның ішінде бәсекеге қабілетті, инновациялық технологияларды толық меңгерген жаңа буын кадрларды оқытып-тәрбиелеуіміз қажет. Осы бағытта Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің алар орны ерекше. Бұл қара шаңырақ елімізде ең алғашқы ашылған жоғары оқу орындарының бірі. Құрылғаннан бергі 93 жылда 150 мыңнан астам білікті мамандар даярлап шығарды және осы саланың дамуына қомақты үлес қосып келеді. Мен де сол түлектердің бірімін. Осы уақытқа дейін ауыл шаруашылығында ҒЗИ директоры, министр, Сенат депутаты сияқты мемлекеттік қызмет пен ғылыми саладағы еңбектерім, жеткен жетістіктерім осы университетте алған білімім мен тәжірибемнің арқасы деп білемін.

Бүгінде заманауи дамыған ең жақсы жоғары оқу орнында білім алып, нарықтағы сұранысқа лайықты мамандықтың иегері болу әрбір жастың арманы. Айта кету керек, қазіргі қазақ жастарының, әсіресе, ауыл балаларының білім мен ғылымды игеруге құлшынысы өте зор. Оны біздің оқу ордасында оқытын білімгерлерден байқауға болады. Мұндағы студент жастардың басым бөлігі ауылдан келген түлектер.

Елімізде бүгінде 6293 ауылдық елдімекен бар. Ел халқының 7,7 миллионы, немесе 40 пайыздан астамы ауылды жерлерде тұрады. Бірақ ондағы жастардың қалаға кетіп жатқан үрдісі басым. Ал жоғары білім алған жастарды қайтадан ауылға тұрақтандыру, жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі әлі де күрделі болып отырғаны шындық.

Бұл тығырықтан шығудың басты жолы – агроөнеркәсіп саласын жүйелі дамыту, елдімекендердегі инфрақұрылым жүйелерін заманауи талаптарға сай жаңғырту болып табылады. Сондықтан тұрғындарды таза ауызсу, жарық, газбен қамту, мектептер мен ауруханалар, спорт алаңдарын салу, интернет желісін дамыту әрқашан мемлекет пен қоғамның басты назарында тұруы тиіс.

Университетімізде «Агробиология», «Технология және биоресурстар», «Инженерлік – техникалық», «Ветеринария», Су, жер және орман ресурстары факультеттері, «Бизнес және құқық» жоғары мектебі бар. Әр факультеттің өзіндік бағытына сәйкес білім беру бағдарламалары қалыптасқан және білім алушылар әлемдік стандарттарға сай (бакалавриат, магистратура және докторантура) үш деңгейде дайындықтан өтеді.

Біздің университет білім беру саласындағы кадр дайындаушы жоғары оқу орны ғана емес, сонымен қатар, агроөнеркәсіп саласын дамыту мақсатында өзекті ғылыми жобаларды орындап, оның нәтижесін өндіріске енгізу, ғылыми жетістіктерді, инновацияларды құру және дамытудағы көшбасшы орталық болып табылады. Бір ғана мысал, университет ғалымдарының қатысуымен «Агроуниверситет» оқу-тәжірибелік шаруашылығы базасында дақылдардың 15 түрі бойынша 100-ден астам жоғары өнімді сорттары отырғызылып, жергілікті климаттық жағдайға бейімделді.

«UAV GROUP» – сәтті ғылыми жобалардың бірі

Қазіргі күні көптеген ауылшаруашылық өнімдерінің тұқымын, көшетін шетелден алып отырмыз. Шындығына келсек, Қазақстан осы өнімдермен өзін-өзі қамтамасыз ете алады. Еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің инновациялық дамуына ықпал ету үшін үздік инновациялық технологиялар мен жаңа білімдерді іздестіру, тарту және енгізу мақсатында АҚШ, Нидерланды, Италия, Қытай, Ресей сияқты елдермен нақты ғылыми жобалар шеңберінде ашылған 4 ғылыми-зерттеу институтын, 8 инновациялық орталықты, 49 заманауи зерттеу зертханасын, 18 халықаралық зерттеу орталығын біріктірген Агротехникалық Хаб жұмыс істейді.

Университетімізде жүзеге асырылған сәтті ғылыми жобалар көп. Соның бірі – «UAV GROUP» жобасы. Жас ғалымдар ұшқышсыз басқарылатын, бортында арнайы сенсорлары бар аппараттардың көмегімен жерді қашықтықтан зондау әдісін енгізді. Зерттеу нәтижесінде алқаптардың интерактивті карталары жасалынды. Бұл технологиялар фермерлерге тыңайтқыштарды, гербицидтерді қолдануды оңтайландыруға көмектеседі, дақылдардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қазіргі заманғы ең озық 75 трактор, комбайн және басқа да ауыл шаруашылығы техникасымен толықтырылған Қазақстан–Беларусь агроинженерлік инновациялық орталығы, 14 зерттеу лабораториясын қамтитын Халықаралық Су хабы университет ғалымдарына халықаралық, ұлттық ғылыми жобаларды орындауға және олардың нәтижелерін өндіріске енгізуге мүмкіндік берді.

Жыл сайын университеттің 700-ден астам студенті шаруашылықтарда 7 айға дейін тәжірибенің барлық түрінен өтеді, бұл оларға инновациялық технологияларды – «шикізаттан дайын өнімге дейін» толық меңгеруге мүмкіндік береді.

Бүгінде жүйелі жұмыстар нәтижесінде университет 9 ұлттық және халықаралық рейтингте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп отыр. Қазіргі уақытта QS рейтингінде әлемдегі ең үздік 5 мың университеттің арасында 481-ші орынды, QS Азия аймақтық рейтинг бойынша ТОП 200 үздік университеттер қатарында 162-ші, Орталық Азия университеттері арасында 5-ші орынды иеленді.

Мақсат – 2024 жылға қарай QS-400 рейтингі бар әлемдік деңгейдегі ғылыми-зерттеу университеті атану. Ол үшін білім-ғылыми инфрақұрылымдарды кеңейту, көшбасшылық қасиеттерді, стратегиялық бастамалар мен инновацияларды ынталандыруға бағытталған тиімді менеджментті дамыту – басты назарымызда болмақ.

Білім алушылар үшін барлық жағдай жасалған

Алматы – жастар қаласы. Алып мегаполисте жоғары білім алғысы келетін ұлдар мен қыздарымыз аз емес. Бұл ретте мектепті үздік бітірушілер, пәндік олимпиадалар мен жарыстардың жеңімпаздары, талантты балалар университетімізге жеңілдікпен қабылданыны баса айтып кеткім келеді. Оқу орнында білім алушылар үшін барлық жағдайлар жасалған. 10 Студенттік үй әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетеді. Оқу аудиториялары заманауи қажетті техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталуда.

Өрине, білім алу дегеніміз, диплом алумен аяқталмайды. Ол өмір бойы жалғасатын, толығы беретін асыл қазына. Тек өз ісінің нағыз маманы ғана алған білімін, тәлім-тәрбиесін өмірде, нақты істерде қолдана алады. Түлектеріміздің өз ауылдарына барып, алдыңғы қатарлы маман ретінде елге қызмет жасауын бәріміз қалаймыз. Ол үшін жастарды ауылдық жерлерде тұрақтандыру мәселелерін мемлекеттік деңгейде қарастыруды, алыс аймақтарда әлеуметтік, мәдени шараларды ұйымдастыруды, спортпен айналысу мен жастардың рухани өсуін тұтас қоғам болып бірлесіп ойластырғанымыз жөн.

Бұл абыройлы міндетті жүзеге асырудың түпкі мәні – еліміздің ауыл шаруашылығын жаңа биіктерге көтеру.

БӘРЕКЕЛДІ!



«АБАЙДА» жаңа мектеп ашылды

Кеше Наурызбай ауданының «Абай» ықшамауданында 1200 оқушыға арналған №207 мектеп-лицейі ашылды. Осылайша қаламыздың білім саласы тағы да бір мемлекеттік мектеппен толықты. Жаңадан ашылған мектептегі 85 сыныпта 2207 оқушы білім алатын болды.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Салтанатты ашылу рәсіміне Наурызбай ауданының әкімі Тоғай Санжар, қалалық Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айдын Сайлаубай, Наурызбай аудандық білім бөлімінің басшысы Салтанат Құсайынова қатысты.

Жаңадан пайдаланылуға берілген мектеп заманауи үлгіде салынған. Оқу ғимараты 10 блоктан тұрады. Мектепте сыртқы спорт алаңы мен ойын алаңдары бар. Сонымен қатар, жаңа мектептің 82 оқу кабинеті, жаңа талапқа сай асхана, роботтехника мен спорт залы, мультимедиялық кабинеттер мен кітапханасы бар. Қазіргі талапқа сай 1–4-сыныптарда оқытын 1100 оқушының бір мезгілде тамақтануына мүмкіндік бар. Сонымен қатар, мектеп оқушыларын тасымалдауға арналған 4 арнайы автобус бар. Олардың әрқайсысы 4 бағыт бойынша жүреді.

Оқу кабинеттері интерактивті панель, SMART тақтамен және заманауи модификациядағы жиназдармен жабдықталған. Оқу кабинеттерінде панорамалық эйнектер қойылған. Мектеп дәліздері мен кабинеттері жарық әрі кен. Сондай-ақ, эргономикалық интерьермен ерекшеленеді.

Мектеп жаратылыстану-математикалық білімді тереңдету бағыты бойынша жұмыс істейді. Сонымен қатар, шығармашылыққа бейім, құзыреттілікке ие және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру жағы да көзделіп отыр.

Жаңа мектеп жаңашылдығымен де ерекшеленеді. Мұндағы арнайы биология, химия, физика, роботтехника пән кабинеттері және зертханалары практикалық жұмыстарға қажетті көрнекі құралдармен жабдықталған. Қыз балаларды еңбекке баулуға арналған тігін шеберханасы, ұлдарға арналған саз балшық пен керамика өңдеу құрылғысы бар. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға да мүмкіндік зор. Спорттық құралдармен толық жабдықталған 1 спортзалы бар.

Мектеп қазіргі талапқа сай Face ID заманауи қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған. Ата-аналар балаларының мектепке келіп, қайтқан кезі туралы хабарламалар алып отырады.

Ал Face ID қауіпсіздік жүйесінің базасына енгізілмеген бала немесе бөтен адам ғимаратқа кірсе, күзет бекетінде ол «бөтен адам» болып бейнеленеді. Жалпы, күзет бұл адамның кім екенін және мектепке қандай мақсатпен келгенін дер кезінде анықтай алады.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Активтер мен міндеттемелер туралы Декларация» 250.00-нысан

Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы келесіні хабарлайды

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №121-VI ҚРЗ Заңының 45-1-бабы негізінде Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілді, ол 4 кезеңде өтеді.

Декларация нысаны «Активтер мен міндеттемелер туралы Декларация» 250.00-нысан.

Активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап (2-кезең) декларацияны төменде көрсетілген тұлғалар тапсырады:

– Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және олардың жұбайлары,

– квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері және олардың жұбайлары.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап (3-кезең) декларацияны тапсыру жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша төменде көрсетілген тұлғалар тапсырады:

– заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары;

– жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап (4 кезең) декларация халықтың қалған санаттарымен ұсынылады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыс ету мерзімі:

1. 2-кезеңде декларациялауға жататын санаттар үшін:

Қағаз тасығышта – 2023 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей;

Электронды түрде – 2023 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей.

2. 3-кезеңде декларациялауға жататын санаттар үшін:

Қағаз тасығышта – 2024 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей;

Электронды түрде – 2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей.

3. 4-кезеңде декларациялауға жататын санаттар үшін:

Қағаз тасығышта – 2025 жылғы 15 шілдеден кешіктірмей;

Электронды түрде – 2025 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны табыс ету тәсілдері:

Электронды түрде – «Салық төлеушінің кабинеті» мемлекеттік кірістер комитетінің web-порталы арқылы (cabinet.salyk.kz), «Электронды үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ e-Salyq Azamat мобильді қосымшасы арқылы.

Қағаз жеткізгіште – мемлекеттік кірістер органдарына келу тәртібімен немесе тапсырыс хатпен пошты арқылы жіберіледі.

Жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлерді және жеке практикамен айналысатын адамдарды қоспағанда, мысалы, мемлекеттік қызметшінің жұбайы (зайыбы) тұрғылықты жері бойынша тапсырады.

Дара кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар декларацияны орналасқан жері бойынша табыс етеді.

Ж.КУРБАНОВА.

Алматы қаласы Алмалы ауданы Мемлекеттік кірістер басқармасының жеке кәсіпкерлерді әкімшілендіру бөлімінің бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ!

2023 жылғы 26 қаңтарда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 31В мекенжайындағы «№67 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Алмалы ауданының әкімі Е.И.Сейтеовтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері және Мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

ИННОВАЦИЯ

Экологиялық пойыз



**АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Қытай атмосфераға еш зияны жоқ «сутегі энергиясы» орнатылған экологиялық таза пойызды іске қосты.

Өлемдегі ең алғашқы экологиялық таза пойыз 2022 жылдың 28 желтоқсанынан жүре бастады. Оны Шыңжаңдағы Чэнду CRRC Чанчунь өндірістік базасындағы конвейерде құрастырып шығарған. Максималды жылдамдығы 160 км/сағ. Төрт вагоны бар жүрдек пойыз кіріктірілген сутегі энергетикалық жүйесі бір зарядта 600 км жол жүруге қабілетті.

Пойыздың ерекшелігі – түрлі смарт жүйелерімен, сенсорлармен және көп желілік интеграция үшін диспетчерлік орталықпен жоғары жылдамдықты 5G байланысымен жабдықталған.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* *құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

* *құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚАРА СУЫҚ» ҚАРАСЫН КӨРСЕТТІ

осы айдың 25-іне дейін жалғасатын аязы адуынды, ызғары өткір амал

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қаңтардың он жетісінен бастап атақты «Сары аяз» амалы жүріп жатыр. Ызғары да, аязы да адуынды амал алматылықтарды дірдек қаққыза тоңдырып тон кигізді. Қаңтардың соңғы амалы саналатын бұл аяздың шарықтау шегі осы айдың 25–27-сіне дөп келеді.

Қаңтардың 20 жаңасынан «Қара суық» амалы қылаң береді. Айдың 25-сіне дейін жалғасады. Оның «Қылау», «Тоқырау» деген аты бар. Ысыра соққан үскіріктің өте күшті кезі. Аяз бет қаратпай, үскірік жалап тұратын осы мезгілді қазекен «қызыл соғып тұр», «қызылдатып тұр» деп атаған. Ағаш бұтақтарына сүңгі тұрып, қар кеш батқанша қылаулап жауатын болған. Қысқы тоқырау кезі болғандықтан амал «Тоқырау» атанған. Бұрынғы жұлдызшы-есепшілер осы амалдан бастап күн ұзарады деп болжаған. Яғни «күн қаңтарда қарға адым ұзарады» деген. Қар қылаулап жауатын болған. «Қылау» деп аталуының мәнісі сол. «Қарды қылау өсіреді, баланы сылау өсіреді» деген мақал осыған саяды.

Қазақ амалдарының жалпы саны жиырма төрт. Алайда, бір амалды әр



ЖЕЛДІҢ ТҮРІ

- Сырма – сусымалы бұрқақ.
- Тентек жел – ала құйын есер жел.
- Толағай – толассыз соққан жел.
- Түтек – алай-дүлей боран.
- Үрме жел – екпіні бір басылып, бір көтеріліп соғатын жел.
- Үскірік жел – күзгі, қысқы құрғақ суық жел.
- Ызғырық жел – өңменнен өтетін жел.
- Ықтырма жел – адамды да, малды да ықтырып, бет қаратпайтын суық жел.

өңірде әртүрлі айтады. Көрініс беретін кезінде де елеулі өзгешелік бар. Болжамның кейде нақты шықпай жататыны сондықтан.

Бұл амалдар екі-екіден он екі айдан орын алған. Бірінші он екісі (наурыздан бастап) – шуақты, жылы болып келетін алғашқы алты айдыкі, екінші он екісі (қыркүйектен бастап) – қытымыр, дауылды болатын соңғы алты айдың еншісінде. Олар өз ішінен алтауы – көктем маусымына, алтауы – жаз маусымына, алтауы – күз маусымына, алтауы – қыс маусымына бөлінеді. Бабалардың болжамдарына, айтқан, ескерткен пайымдарына сүйенсе отырып, жыл бойына сол 24 амалды түгел атап көрсеттім. Әрбір амалдың уақытын, мінезін, қандай қаупі барын, олардан бабаларымыздың қалай сақтанғанын жаздым...

Қолданыстағы күнтізбе бүгін қаңтардың – 19-ын көрсетіп тұр. Ай жүйесі бойынша – 29-ы, қазақша есепке сүйенсек, қаңтардың 6-сы. Апта айдың басын, ортасын және соңын түгел қамтып тұр. Аспан денелерінің үздіксіз қозғалысына қарап, бабалардың айтып кеткен тәсілі бойынша болжам жасадық: Алматыда алдағы аптада, яғни 19–26 қаңтар аралығында жауын-шашын арагідік көрініс беріп, ылғал әдеттегіден аз түсетін сынайлы. Бірақ салқындық сақталады. Аяздың кешке қарай күшейе түсуі ықтимал...

«Қара суықтың» соңын ала «Қыс шілдесі» кезек күтіп тұр. Бұл – қаңтардың соңғы амалы. Мұнда қыс күшіне еніп, бетті үсіріп, құлақты түсіретін сақылдаған сары аяз сахнаға шығады...

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ ҚЫЗЫҚТАР



«Дос-Мұқасан» турнеге шығады

Осыдан 55 жыл бұрын Алматы жастарынан құрылған әйгілі «Дос-Мұқасан» вокалды-аспапты ансамблі мерейтойы құрметіне Қазақстан бойынша 13 қалаға турнеге шығады. Алғашқы концертін келесі айда Қарағандыда қояды.

Бір ғана емес, бірнеше буынды әдемі әндерімен тәрбиелеп, әуенімен тербетіп келе жатқан топтың құрметіне былтыр «Қазақфильм» «Дос-Мұқасан» атты көркем фильм түсірген болатын. Кинокартина еліміздің барлық кинотеатрында көрсетіле бастады.

«Дос-Мұқасанның» кешегісі мен бүгіні де, барлық жетістігі Алматымен тікелей байланысты. Ансамбль осы ару қалада 1967 жылы Қазақ политехникалық институты жанынан құрылды. Оның құрамында болған жігіттер осы Алматыда оқып, білім алып, отау құрып, өсіп-өнді.

«Дос-Мұқасанның» бір жылдары Республика сарайында өткен жеке концертінің бақандай он күнге созылғаны туралы деректер бар. Көрерменнің көптігінен зәулім сарайдың есіктерезесі сынған дейді. Тіпті, халықтың ықыласының шексіздігі соншалық, үш адам бір орындыққа отырған.

Қазақстаннан шетелдерге шығатын мемлекеттік делегациялардың құрамында елдің мәдени келбеті ретінде «Дос-Мұқасанның» да жігіттері жүрген.

Иә, талай бозбала осы азаматтарға қарап ойын да, бойын да түзегені анық. Олар, әрине, көрермендеріне уақыт өтсе де ескірмеген «Куә бол», «Той жыры», «Құлаша», «Дударай», «Әпитек», «Он алты қыз», «Су тасушы қыз», «Ақ сиса», «Бойжеткен», «Ғашықтар әні», «Алматы түні» сынды хит әндерін сыйлайтын болады.

Димаш алаяқтардан сақтандырды

Қазақтың бағына біткен ақ дидарлы әншіміз Димаш Құдайберген халықты өзінің атынан жөнсіз әрекет етіп жүрген алаяқтардан сақ болуға шақырды.

«Әртүрлі әлеуметтік желілерде менің атыммен, тегіммен аккаунт ашып алып әрекет етіп жүргендердің барын білуші едім, бірақ оған аса мән де бермейтінмін, қалыпты жағдай болып көрінетін. Бірақ сіз де байқағаныңыздай, ақша бопсалаумен айналы-



сатын алаяқтар пайда болды. Менің білуімше, сол менің аты-жөніммен ашылған аккаунттарында түрлі ойындар, лотереялар ұйымдастыратын көрінеді. Сондай-ақ, олар Instagram парақшамдағы фотосуреттерімді де өз пайдасына ұтымды пайдаланатын болған. Мен ешқашан мұндай әрекеттер жасаған емеспін. Кейбір адамдардың осындай істерді жасап жатқаны ұят. Мен сіздерді сақтандырғым келеді – ешқашан интернет арқылы ақша жібермеңіз», – деді әнші Instagram желісіндегі парақшасында.

Күніне 500–600 келі ет асылады

Ташкентте қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлейтін мейрамхана бар, деп хабарлайды «Хабар 24». Иесі жергілікті кәсіпкер Әбдірасул Тастанов деген қандасымыз екен.

Ол бұл бизнесін осыдан төрт жыл бұрын бастапты. Қазір едәуір қанат жайғанға ұқсайды. Елдің түкпір-түкпірінен арнайы дәм татуға келетіндер көп көрінеді. Күніне 500–600 келі ет асылады деп отыр кәсіпкер. Түстенуге келушілерге қазы-қарта, жал-жаясымен табақ тартылады. Бұл мейрамхананың сәні де сол болса керек. Ол етті кез келген жерден алмайды екен. Қыста тек қолда бапталған жылқы етін пайдаланады. Иә, әлеуметтік желідегі парақшасында 225 мың оқырманы бар қазақ мейрамханасы Ташкентте өте танымал. Қаладан 20 шақырым жерде орналасқан мейрамханаға келушілер саны күннен-күнге артып келеді.

Мейрамхана пішіні отау тектес, ұзындығы 20 метр, ені 6 метр. Бір мезетте 100 кісі сыяды. Мұнда үлкен банкеттер де өткізіледі. Кәсіпкердің мақсаты – біздің ұлттық тағамды Өзбекстан еліне таныту. Әбдірасул кәсібін Қазақстанда жалғастырығысы келеді. Оған достары қолдау білдіреміз деп отырған көрінеді.



TikTok енді қазақ тілінде


Бүгінде TikTok платформасының дәурені жүріп тұр десек, қателеспейміз. Үлкен де, кіші де «тикток» түсіріп әлек. Бар қызық сонда дерсіз.

TikTok өкілдері қосымшаның енді қазақ тілінде де қолжетімді екенін мәлімдеді. Жақсы жаңалық екен.

Аталған платформада қазақ тілін таңдау мүмкіндігі Android және iOS құрылғыларына арналған қосымшаның соңғы нұсқаларында пайда болды. Сон-

дай-ақ TikTok пайдаланушыларына қандай форматтағы бейнероликтерді орналастыруға болатынын және тыйым салынатынын түсіндіретін ережелер де қазақ тіліне аударылған.

TikTok қолданбасындағы интерфейс тілін кез келген уақытта өзгертуге болады. Тіл баптауларын өзгерту үшін: төменгі оң жақ бұрыштағы «Профиль» түймесін басыңыз; баптауларды ашу үшін жоғарғы оң жақ бұрыштағы үш нүктені түрткіңіз; «Параметрлер және



құпиялылық» түймесін басыңыз; «Қолданба тілі» түймесін түрткіңіз.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.